# SARYARQA

18 jeltoqsan 2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№47 (8211)



KÚN TÁRTIBI — АЛДА – АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР — 2-бет

RESMI — 2020 ЖЫЛҒЫ БЮДЖЕТ — 3-бет

ÁLEÝMET — ҚАЛДЫРҒАН ІЗІ МӘҢГІЛІК — 6-бет

ÁR TARAPTAN — ЖАСТАРДЫ ЖІГЕРЛЕНДІРДІ — 8-бет


## ҰЛЫ КҮН ҰЛЫҚТАЛДЫ





*Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты жиын Халықтар достығы мен мәдениет үйінде өтті.*

–16 желтоқсан – бабалар арманы азаттық орнаған күн. Тәуелсіздік арқасында армандар шындыққа айналды. Бүгінде Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет. Төрткүл дүниемен терезесі тең. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін де, оны сақтап қалу, баянды ету, ұрпаққа аманаттау – ұлы борыш. Кеңес үкіметінің үстемдік саясаты шектен шыққан шақта ұрандап алаңға шығып, теңдікті талап етіп, әділдік іздеген, желтоқсандықтарға құрмет көрсетіп, жас ұрпақтың қаперіне жеткізу – бізге парыз. Желтоқсандықтардың қатарында болған жерлестеріміз осы салтанатты шараға құрметті қонақ ретінде қатысуда. Сіздер біз үшін, әрдайым батылдықтың, шынайы отансүйгіштің үлгісі боласыздар, – деп мерекелік жиынды ашқан Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров «Отанымыздың тәуелсіздігі мызғымай, мәңгілік болсын» деген тілекпен марапаттау рәсімін бастады.

Бұл жолы да адал еңбегімен еліміздің гүлденуіне, қаламыздың өркендеуіне сүбелі үлестерін қосқан азаматтар еленді. Алғаш болып сахна төріне шақырылған «Astana Ютария Ltd» және «Ютария Ltd» компаниялар тобының құрылтайшысы Сәуле Шәуенова азаматтық ұстанымы және әртүрлі бағыттағы ауқымды қайырымдылыққа қызметі үшін «Жомарт жүрек» сыйлығының «Жыл тұлғасы» номинациясымен марапатталып, кеудесіне «Адал еңбегі үшін» ІІІ дәрежелі медалін тақса, Гүлжахан Жаркешева «Шапағат» медалінің, Сайлаубек Барикенов «Қазақстанның құрметті құрылысшысы», Маржан Хасенова «Еңбек ардагері», Анар Әбдіғұлова «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», Бәтимаш Үсенова мен Жібек Байкенова «Кәсіби жетістіктері үшін» төсбелгілерінің иегері атанды.

Сахнадан есімдері аталған жерлестеріміздің келесі легін ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен марапатталған Тұрсынай Ибадатова, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Құрмет грамотасын иеленген Салтанат Нұрлыбаева мен ҚР Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен мадақталған Салтанат Күнеділова бастады. Одан кейін Тәуелсіз ел ырзығын арттыру ісіне қосқан қомақты үлесі мен табысты еңбегі үшін өндірісте, білім мен денсаулық сақтау саласында, жергілікті БАҚ-та еңбек етіп жүрген бір топ жезқазғандыққа Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хаты тапсырылды. Ұстаздық жолда еңбегімен даралanған педагогтер облыстық білім басқармасының, ал ақ халаттылар облыстық денсаулық сақтау басқармасының Құрмет грамотасы және Алғыс хатқа ие болды.

Мысты өлкенің әлеуметтік-экономикалық дамуына, мәдени-рухани жағынан кемелденуіне қосқан үлес үшін тіл жанашыры Асқар Ермекбаевқа, әнші, музыкант, композитор Болатбек Есмұхановқа, «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының директоры Ғазиз Ештанаевқа Жезқазған қаласының Құрметті азаматы атағы берілді.

Қазақстанның Құрметті металлургі, «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіровке Қарағанды облысының Құрметті азаматы атағы тағайындалғанын сүйіншілеген салтанатты шарада ақ тілегін жеткізген Жезқазған қалалық мәслихаттың хатшысы Советбек Медебаев еңселі еңбегімен көзге түскен жерлестеріне Жезқазған қаласының Құрмет грамотасын тапсырды. Желтоқсан оқиғасының қатысушыларына да лайықты құрмет көрсетілген мерекелік жиын Серке Қожамқұлов атындағы музыкалық-драма театрының актерлері дайындаған «Ұлы дала – кием менің» атты әдеби-музыкалық қойылыммен қорытындыланды.



**Бота ШАЛҚАР**

*Тұрақты комиссия отырысында Жезқазған қалалық мәслихатының депутаттары алдында қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мен қалалық құрылыс бөлімінің басшылары, сондай-ақ, Кеңгір селосы әкімі 2021 жылдың бюджетін қорғады. Отырысқа Жезқазған қалалық мәслихаттың хатшысы Советбек Медебаев төрағалық етті.*

## БЮДЖЕТ ТИІМДІ ЖОСПАРЛАНУЫ КЕРЕК

***мәслихат депутаттарының қойған талабы осы***

Алғашқы болып мінберге шыққан Ержан Есетов мысты өлкенің коммуналдық шаруашылығына келер жылы жергілікті бюджеттен 2 млрд теңге бөлінетінін айтты. Одан бөлек, республика мен облыстан да қомақты қаржы келмек екен. Сол қаржыны аппараттың айлығына, қаланы жарықтандыру мен абаттандыруға, жасылдандыруға, балалар ойын алаңдарын орнатып, жолды, суару желілерін жөндеуге жұмсауды жоспарлаған тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі басшысының жобалары депутаттар тарапынан қолдау таппады. Жобалардың сметасын сынға алған халық қалаулылары коммуналдық саланың қордаланып қалған мәселелерін шешуге кешенді шаралар белгілеу қажеттігіне назар аудартты.

– Жылма жыл коммуналдық салаға қыруар қаржы бөлінеді. Алайда, бізде дамудың орнына кері кету байқалады. Бүгін жолды жөндейміз, ертең құбыр өткізу үшін оны қазып тастаймыз. Қала тұрғындарынан әбден ұят болды. Мемлекеттік мекемелер жұмысының арасында байланыстың жоқтығы халықтың билікке деген сеніміне нұқсан келтіруде. Президенттің «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру біз бен сізге жүктелді емес пе? Ендеше, азаматтардың орынды ұсыныстарын назарға алып, туған жерімізді өркендетуге не кедергі?, – деп жаңадан сайланған Ержан Жағыпарұлын ширатуды мақсат еткен Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Бауыржан Шыңғысов мемлекет қаржысын мақсатсыз жұмсаудың соңы өкінішке ұрындыруы мүмкін екенін еске салды.

Облыстық мәслихат депутатының бұл сөзін жоққа шығару қиын. Шынында, соңғы жылдары қала тазалығы мен жолдың сапасы, тозығы жеткен инженерлік желілер мәселесі шешімін таппай келеді.

– Қоғамдық орындар, оның ішінде саябақтарды күтіп ұстауға 119 млн теңге жоспарлапсыз. Саябаққа бара қалсаң, мүлде қаржы бөлінбейтіндей күй кешесің. Шамдары «бағдаршамдай» ойнап, жасыл желектер сусап тұр. Қоқыс аптасына бір шығарылса жақсы, – деген Советбек Медебаев осы қызметтерді жүзеге асыруды өз мойнына алған мердігерлердің жұмысы тапсырыс беруші тарапынан бақыланбайды деп пайымдады.

►►*2-бетте*

## МИНИМАРКЕТТЕР АШЫЛДЫ

*Тәуелсіздік күні қарсаңында Алашахан даңғылы, Әуезов және Анарқұлов көшелерінде «ULY DALA» гипермаркеті желісінің минимаркеттері ашылды. Азық-түлік дүкенінің ашылуына Қазақстан Республикасы Мәжілісінің депутаты Арман Қожахметов те қатысты.*







– «Қазақмыс» корпорациясы мен «Ютария» ltd өндірістік-инновациялық компаниясы Жезқазған-Ұлытау аймағы тұрғындары үшін игілікті шаралар атқарудан танған емес. Соның бір дәлелі – бүгінгі минимаркеттердің ашылуы. Бүгінгідей кезеңде баға тұрақтылығын сақтау – өте маңызды. Алда келе жатқан ұлы мереке –Тәуелсіздік күні қарсаңында жақсы жаңалықтар мол болсын дегім келеді. Осындай берік ауызбіршіліктен танбаңыздар. Отбасыларыңызға байлық-береке тілеймін, – деді өз сөзінде мәжіліс депутаты.

Одан әрі сөз алған «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов та қала тұрғындары мен «Ютария» ltd өндірістік-инновациялық компаниясының басшысы Сәуле Шәуеноваға құттықтау лебізін білдірді.

Одан әрі Сәуле Шәуенова алдағы уақыттарда Жезқазған қаласында жалпы осындай 10 минимаркет жұмыс істейтіндігін жеткізіп, жиынның құрметті қонақтарымен дүкеннің лентасын қиды. Салтымыз бойынша тұтынушыларды шашу шашып қарсы алған минимаркет қызметкерлері қала тұрғындарына әрдайым сапалы қызмет көрсететіндеріне сендірді.

Әуезов көшесіндегі минимаркеттің ашылуына Сәуле Шәуенованың әкесі Бақтай ақсақал да барып, ұжымға батасын берді.

– Қаладағы ірі супермаркеттер үйімнен алшақ. Бүгін үйдің жанынан «ULY DALA» минимаркеті ашылды дегенді естіп екі немеремді ертіп келдім. Балалы үйдің тұтынатын қажеттіліктері де көп болады. Келдім, көрдім, көңілімнен шықты. Бағалары қолжетімді екен. Әсіресе, күнделікті қажетті ұн, май, қант, сүт өнімдерінің бағасында өзге сауда орталықтарына қарағанда айырмашылық бар. Алдағы уақытта да осы бағаны көтермей, ұстап тұрса жақсы болар еді, – деген Гүлбаршын Өткелова минимаркеттерді ашуға қолдау көрсеткен инвесторларға алғысын білдірді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМГЕ – ЖАҢА КӨЛІК

*COVID-19 пандемиясының бірінші толқыны отандық медицинаның осал тұстарын айқын көрсетті. Қатемен жұмыс жасауға көшкен билік басындағылар денсаулық сақтау саласын қолдау шараларын күшейтті. Соның нәтижесінде күні кеше ғана Жезқазған қаласында жаңа модульді инфекциялық орталық іске қосылды. Енді Жезқазған қаласының жедел жәрдем стансасы Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының есебінен сатып алынған 3 бірдей жедел жәрдем көлігімен толығып отыр.*



– Жедел жәрдем қызметінде көлік тапшылығы болғаны рас. Қазірдің өзінде күні-түні тұрғындар шақыртуына барып жүрген көліктеріміздің пайдаланғанына кемі бес жылдан асты. Жаңартылған автопарк ел азаматтарына сапалы дәрігерлік көмекті уақытында көрсетуге мүмкіндік береді, – деген жедел жәрдем стансасының басшысы Ханиса Шоқанқызы санитарлық көлік заманауи үлгіде екенін айтты.

Нақтырақ айтқанда, олар адам өмірін сақтап қалу үшін керекті жабдықтардың бәрімен жабдықталған. Оның ішінде кардиограмма, өкпені жасанды желдету аппараты, оттегі концентраторы, электросорғыш бар. Сонымен қатар, жүрек қағысының бұзылуы кезінде электроимпульсті емдеу үшін қолданылатын дефибриллиатор мен сүйек сынғанда пайдаланылатын медициналық шиналар да бар.

**Өз тілшіміз**




SARYARQA-АҚПАРАТ

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ: ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫН НАҚТЫ ІСТЕРМЕН және ЖАҢА ЖОБАЛАРМЕН ҚАРСЫ АЛАМЫЗ

***– Тәуелсіздіктің 30 жылдығы маңызды датасын нақты істермен және жаңа жобалармен қарсы аламыз. Бұл туралы Тәуелсіздік күні қарсаңында өткен Мемлекеттік наградалар тапсыру рәсімінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтты, – деп хабарлайды ҚазАқпарат.***

Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіздігіміздің 29-шы жылы күрделі, қиын әрі ерекше болғанын атап өтті. Мұндай тағдыршешті сынақтар әр ұрпақтың басына түсе бермейді. Жаһандық дағдарысты еңсерген мемлекетіміз бұдан да зор мақсаттар мен міндеттерді көздейді. «Алдағы жыл – межелі кезең. Бұл – жыл ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында өтеді. Бұл өткенге көз жүгіртіп, қорытынды жасайтын уақыт. Халқымыз үшін осы маңызды датаны нақты істермен және жаңа жобалармен қарсы аламыз. Даңғаза акциялар мен даурықпа шаралардан бас тартып, бүкіл іс нақтылыққа құрылатын болады. Экономика, әлеуметтік сала, экологиядағы жүйелі шаралардың көлемді кешенін іске асыруды жалғастырамыз. Тұрғындардың барлық топтарының, әсіресе жастар, әйелдер, мүмкіндігі шектеулі жандардың қажеттіліктеріне баса мән береміз. Біз еліміздегі саяси жаңғырту үдерісін жалғастыра береміз», – деді Президент Тәуелсіздік күні қарсаңында өткен Мемлекеттік наградаларды тапсыру рәсімінде. Мемлекет басшысы келесі жылдың басында жарияланатын жаңа реформалар топтамасы туралы айтты. Бұл «халық үніне құлақ асатын мемлекет» құруға, әділет және тең мүмкіндіктер қағидаттарын бекітуге бағытталған Қазақстандағы демократиялық түрленуге тың серпін береді. Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихаттарға сайлау өткізу келесі жылдың тағы бір маңызды оқиғасы болмақ. Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы сайлау жоғары азаматтық белсенділік танытып, қоғамның саяси сауатты екенін көрсететініне сенім білдірді. Сайлау науқаны қазақ мемлекеттігінің институционалдық тұрақтылығын дәлелдейді.

## КОРОНАВИРУС: САЙЛАУ КЕЗІНДЕ АЗАМАТТАР ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ

***2021 жылдың 10 қаңтарына тағайындалған кезекті Мәжіліс депутаттарын және жергілікті мәслихаттардың сайлауын өткізуге 1 айға жетпес уақыт қалды. Бүгінде еліміздің басты саяси додасына жолдама алған 5 партия, атап айтқанда «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы», «Nur Otan» партиясы», «ADAL» саяси партиясы», «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы», «Қазақстанның Халық партиясы» кандидаттары еліміздің түкпір-түкпірін аралап, сайлаушыларды өз жақтарына шығаруға тырысып бағуда.***

Бұл орайда сайлаушылармен қатар еліміздің денсаулық сақтау саласы мамандарын әлеммен қатар қазақ жұртшылығын да әрі-сәрі күйге түсірген коронавирус инфекциясына қатысты ахуал да алаңдатып отырғаны белгілі. Өйткені, бұл пандемия ауа арқылы адамнан адамға тез жұғады. Ал дауыс беру күнінде қалаған кандидаты арқылы көңілінен шығатын партияға дауыс беруге асығатын жұртшылықтың қарасы сайлау учаскесінде қалың болары айтпаса да белгілі жайт. Міне, осыған байланысты еліміздің Денсаулық сақтау вице-министрі - бас мемлекеттік санитар дәрігері Ерлан Қиясов Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі және мәслихаттар депутаттарының сайлауында сайлауалды үгітті жүргізу кезінде COVID-19 коронавирус инфекциясының таралуының алдын алу, санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті және азаматтардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында арнайы қаулы шығарып отыр. Бұл ретте облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың бас мемлекеттік санитар дәрігерлері облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және республика астанасының аумақтық сайлау комиссияларымен бірлесіп, өңірлердегі санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, сайлау процесінің санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс. Аталған қаулыға сәйкес, сайлау процесінің барлық қатысушылары: бір рет қолданылатын медициналық немесе қорғаныш маскаларын, қолғаптарды кию режимін міндетті түрде сақтауы; қолды дезинфекциялау үшін антисептикалық құралдарды пайдалануы; адамдар арасында бір-бірінен кемінде 1,5-2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтауы; қол алысуды немесе тікелей байланыстың басқа да түрлерін болдырмауы қажет.

## ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙДЕ «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ЗАЛЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ

***Елордадағы еліміздің Ұлттық музейінде қайта жаңғыртылған XIII-XX ғасырлар аралығындағы Қазақстан тарихы залының ашылу салтанаты өтті, – деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.***

«Бұл зал 2014 жылы ашылды, араға 6 жылды салып қайта жаңғыртудан өтіп отыр. Келушілердің қазақтың орта, жаңа және қазіргі замандағы тарихымен танысу мүмкіндігі бар. Одан бөлек, XIII-XX ғасырлар аралығында өмір сүрген ұлы тұлғалардың өмірі мен қызметі, шығармашылығынан сыр шертетін құнды жәдігерлер қойылған. Жалпы экспозициялық зал бірнеше тақырыптық бөлімнен тұрады. Олардың ішінде өте құнды жәдігерлер де бар. Атап айтқанда, Төле би, Қазыбек би және Абылай ханның шапаны, сол тұлғалар қолданған мөрлердің көшірмесі, сонымен қатар қару-жарақтарды ерекшелеуге болады» – деді ҚР Ұлттық музейі «Қазақстан тарихы» бөлімінің аға ғылыми қызметкері Сырым Хасенов.

Оның айтуынша, аталған залда 300-ден астам жәдігер қойылған. «Залды қайта жаңғырту жұмысына музей және сала мамандары тартылды, сондай-ақ білікті тарихшылармен кеңес өткізілді. Жаңалау жұмысы 1 жылға жуық уақыт жұмсалып, бүгін міне мереке қарсаңында көпшілік назарына салтанатты түрде ашып отырмыз», – деді ол. Айта кетсек, Ұлттық музейде XIII-XX ғасырлардағы «Қазақстан тарихы» залының салтанатты ашылу іс-шарасы Абайдың 175 жылдығы, Әбу Насыр әл-Фарабидың 1150 жылдығы, Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 75 жылдығы және Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылып отыр.

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

# АЛДА – АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР



***Аймақ экономикасы қарышты дамып, қайта жанданатын күн алыс емес. Осы мақсатта сырттан инвестиция көздерін көптеп тарту көзделуде. Оған арналған бірнеше маңызды жобалар да әзірленіп жатыр. Бұл туралы мысты шаһар басшысының баспасөз хатшысы әлеуметтік желідегі ресми парақшасында мәлімдеді.***

Бүгінге дейін қаламызда темірбетон конструкциялары зауыты, тігін бұйымдарын өндіру, арнайы техникалар мен автокөліктерге арналған сүзгілер өндірісі, нан зауыты, өнеркәсіптік құс шаруашылығының асыл тұқымды орталығын құру сынды бірқатар жобалар жүзеге асырылған болатын. Сондай-ақ, металлургия, химия, биоэнергетика және тамақ өнеркәсібі саласында да бірнеше жоба жүзеге асып жатыр. Алдағы уақытта Оңтүстік Корея компанияларымен де серіктестік орнатылуы мүмкін. Осы мақсатта қала әкімі Қайрат Әбсаттаров Орталық Азия сауда палатасының төрағасы Джон Джинмен кездесіп, бірқатар маңызды мәселелерді талқылады.

– Біз сізбен жеке кездесіп, серіктестік мәселесін талқылау мүмкіндігіне ие болғанымызға қуаныштымыз. Жезқазған қаласының әкімшілігі әрдайым маңызды да батыл шешімдер қабылдай отырып, өңірді дамытуға арналған жаңа ашық диалогтар құруға қай кезде де дайын және тұрғындар игіліне жарайтын ұсыныстарға қолдау көрсетуге қуана келіседі. Бүгінгі жиында талқыланған жобалар екі жақ экономикасы үшін де пайдалы боларына сенемін, – деді қала әкімі.

Жиын барысында Джон Джин Енг мырза жоғары сапалы және қолжетімді киім, аяқкиім, тамақ өнімдері және биотехнология мен IT-технологиялар саласындағы жобаларды жүзеге асыруға басымдықтар беру қажеттігін атап өтті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# БЮДЖЕТ ТИІМДІ ЖОСПАРЛАНУЫ КЕРЕК

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Оны өзге де депутаттар қолдай түсті. Мысалы, Виктор Сотников көше шамдарын күтіп ұстауға бөлінгелі тұрған 55 млн теңге мақсатты жұмсалатынына күмән келтірді.

– Биылдың өзінде қаланың жарығы үшін «Казэнергоцентр» ЖШС-не 141 млн теңге төлепті. Бірақ, Жезқазғанның барлық аймағы түнде жарқырап тұр деп айта алмаймыз. Есептеуіш құралдарын орнатып, қазір барын іске қоспайынша бюджет ақшасы желге ұшады да тұрады. «Казэнергоцентр» ЖШС қызмет үшін



ақыны көтермелеп жатпағанына кім кепіл?, – деген мәслихат депутаты энерготиімді шамдарды орнатуға басымдық беруге шақырды.

2021 жылы Аманжолов, Смайлов, Асылбеков пен Жанасов, Шевченко көшелеріндегі жолдарды толығымен жөндеп, жол жиектерін орнатып, жаяу жүргіншілер жолын салуға 1млрд теңге жоспарланып отыр. Аталған көшелердің бірқатарында әлі құрылыс бөлімінің тапсырыс бойынша тартылып жатқан жаңа ауыз су құбырлары салынбағанын тілге тиек еткен депутаттар жамаудан көз ашпаған 91-орамға апарар жолды, Деев көшесіндегі жолды жөндеуді ұсынды. Балалар ойын алаңын орнату кезінде де тұрғындардың тілектері ескерілу керектігін алға тартқан мәслихат депутаттары қала көшелеріне орнатылған 207 бейнебақылау камераларының мүмкіндігі толыққанды пайдаланбай отырғанына да ашынды. Қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержан Есетовке бюджетті жоспарлау кезінде жіберілген олқылықтардың орнын толтыруды тапсырған депутаттар бүгінде иесізділктен мүлкі талан-таражға түскен қалалық автокөлік жолдары басқармасының жағдайы туралы сұрады.

– Өз жұмысын тоқтатқан қалалық автокөлік жолдары басқармасының бар мүлкі заң бойынша біздің, яғни қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің балансына өтуі тиіс. Дегенмен арестке қойылған 57 техниканың бүгінде жартысынан көбі жоқ. Қазір айыптұрағында 20 техника ғана тұр, – деп мән-жайды түсіндірді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Алмас Жандарбекұлы.

Келесі болып Жезқазған қаласы құрылыс бөлімінің басшысы Мәруа Келмағанбетова сөз алды. Ол 2021 жылы өзі жетекшілік ететін бөлімнің жоспарланған бюджеті 7,4 млрд екенін мәлімдеді. Оның 3,2 млрд





теңгесі республикадан түссе, қалғаны облыстық, қалалық қазына есебінен қарастырылмақшы. Осы қаржыға қаланың батыс аймағында тұрғын үйлер бой көтеріп, ауыз су мен жылу желілерін жаңарту жұмыстары жалғасатын болады.

– Тұрғын үй құрылысы қарқын алғаны қуантады. Алайда, сол үйлерге ертең жеткілікті көлемде жылу бере аламыз ба? Соны ойлауымыз керек – деген облыстық мәслихаттың депутаты батыс аудандағы үйлерге жеке қазандық салуды ұсынды.

Жергілікті бюджет пен салық түсімдерінен түскен қаржыны Кеңгір селолық округінің тазалығын қамтамасыз етіп, абаттандыруға жұмсайтынын жеткізген село әкімі Қанағат Жанпейісов өз жоспарын қорғап шықты. 2021 жылы Кеңгірде балалар ойын алаңы, көше тренажерлері орнатылып, Әуезов пен Мир көшелеріндегі жол жөнделіп, жол жиектері салынбақшы. Сонымен бірге, Молодежный көшесінен Сәтбаев қаласы бағытындағы жолға дейін қосымша жарық бағандарын орнату көзделіп отыр.

Жезқазған қаласының барлық мемлекеттік мекеме басшыларының 2021 жылға арналған бюджетін жоспарлау есебін қараған қалалық мәслихат депутаттары нақты ұсыныстар беріп, мақсатсыз жобаларды қолдамайтындарын ашық айтты.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ПАРТИЯ ҚАТАРЫ ЖАСТАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

***Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында партия қатарына жаңадан қосылған жас мамандарға партиялық билет тапсыру салтанаты өтті.***





Нұротандықтар қатарын толықтыруға ниет танытқан Жезқазған қаласының №1 жалпы білім беретін орта мектептің жас мұғалімдеріне партия билеттерін «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалының есеп және статистика секторының меңгерушісі Гүлжазира Жарқынбекова табыстады.

Қазақстанның көшбасшы партиясының қадамы алға басуы үшін жастарға көбірек сенім жүктеліп отырғаны мәлім. Жалпы алғанда, жастарға қолдау көрсетіп, жігерлі жастардың иығынан демеу – «Nur Otan» партиясының басты міндеттерінің бірі. «Nur Otan» партиясын жанындағы «Жас Отан» жастар қанаты, «Жас ұлан» ұйымдарының Қазақстанның жастарын ортақ елдік мақсат жолында аянбай еңбек етуге тәрбиелеуде маңызы айрықша. Сондай-ақ, елдің экономикасын алға бастыру үшін білім, жаңа технология, инновациялық жобаларды іске асыру жолында, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда жастардың рөлі айқын көрінеді. Жаста болса өз саласында белсенділігімен, ізденімпаздығымен көзге түсіп жүрген жас мамандардың бірі Қызғалдақ Қарашаны әңгіме тартқанда:

– Мен – Жезқазған гуманитарлық колледжінің түлегімін. Колледж табалдырығын аттаған бойда «Nur Otan» партиясы «Жас Отан» жастар қанатына мүше болып, әр түрлі деңгейдегі қоғамдық шараларға белсене атсалыстым. Жоғары білімді маман атанған соң №1 орта мектепке жұмысқа орналастым. Міне, ұстаздық жолға түскеніме биыл екінші жылға қарады. Меніңше, ел тағдырына жауапкершілікпен қарайтын кез келген азамат қоғам арасында айтарлықтай абыройға ие, белгілі бір саяси партия құрамында болуы шарт. Осылай ойлана келе «Nur Otan» партиясына мүше болып қабылдануға бел будым. Бүгін біздің мектептен төрт әріптесім партия құрамына алынды. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев басшылық ететін партия құрамында мен өзімнің жақсы жақтарымды танытып, елімнің өркендеуіне үлес қосуға барымды саламын, – деп, өзіне сенім білдірген Елбасы бастаған нұротандықтарға алғысын білдірді.

Партия билетін қолына алып, қуанышқа кенелгендердің бірі – дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Динар Әбжаппар.

– Шәкірт тәрбиелеп бастағаныма биыл – бірінші жыл. Байқап қарасам өзімнің ата-анам, жақын туыстарым және достарымның барлығы «Nur Otan» партиясының құрамында екен. Енді мен де олармен иық теңестірдім. Ұстаз ретінде қоғам үшін маңызды шаралардың басы-қасынан табылып жүргенді жөн деп санаймын. Сондықтан, «Жас Отан» жастар қанатының құрамына қабылданып, олармен бірге «Nur Otan» партиясының сайлауалды үгіт-насихат жұмысына араласуды ойланып отырмын. Ел тағдырын шешетін маңызды кезең сайлауға да қалмай барып, өз дауысымды ең мықты, елімнің болашағын жарқын, келешегін кемел ететін «Nur Otan» партиясының кандидаттарына беремін, – деген жас маман Тәуелсіз елімізде «Nur Otan» партиясының бастамасымен қолға алынып жатқан қолдау шаралар аз еместігін жеткізді.

Шынында, «Nur Otan» партиясы Елбасының бастамасымен, елдегі жастардың әлеуетін арттырып, білімді, білікті болып жетілуіне, қажетінше білім алуына және қалауынша кәсіпкерлікпен айналысуына мүмкіндік беріп отыр. Алдағы жылдары да жастардың мүддесі «Nur Otan»-ның назарында болатыны айқын.

Естеріңізге сала кетсек, бүгінде «Nur Otan» партиясының құрамында 4764 жезқазғандық бар. Оның 517-сі – жастар.

**Бота ШАЛҚАР**

*«Nur Otan» партиясы Қарағанды облысының Жезқазған қалалық сайлау қорынан төленді.*

**ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ**

*Жезқазған қаласы* *№ 54/461 2 желтоқсан 2020 жыл*

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 27 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ XXXXI СЕССИЯСЫНЫҢ №41/362 «2020-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ БЮДЖЕТІ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

***Нормативтік-құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2020 жылғы 9 желтоқсандағы нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №6121 болып енгізілді***

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы XXXXI сессиясының №41/362 «2020-2022 жылдарға арналған Жезқазған қаласының бюджеті туралы» (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5633 тіркелген, 2020 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде, 2020 жылғы 17 қаңтардағы №2 (8166), 2020 жылғы 24 қаңтардағы №3 (8167) «Сарыарқа» газетінде, 2020 жылғы 17 қаңтардағы №2 (309), 2020 жылғы 24 қаңтардағы №3 (310) «Жезказганский вестник» газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. 2020-2022 жылдарға арналған қалалық бюджет 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 21458045 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 8959272 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 21157 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 254025 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 12223591 мың теңге;

2) шығындар – 24625632 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 1656710 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 1659008 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 2298 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – алу 4824297 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 4824297 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімдері – 4169087 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 175078 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 830288 мың теңге.»;

4-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«4. 2020 жылға арналған қалалық бюджеттің түсімдерінің құрамында облыстық және республикалық бюджеттерден 9131016 мың теңге сомасындағы ағымдағы нысаналы трансферттер мен даму трансферттері қарастырылғаны ескерілсін.»;

7-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«7. 2020 жылға арналған қалалық бюджеттің шығыстары құрамында ауылдық елді-мекендердің әлеуметтік сала мамандарын қолдау шараларын іске асыруға республикалық бюджеттен 7788 мың теңге бюджеттік кредиттер қарастырылғаны ескерілсін.»;

11-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«11. Жезқазған қаласы атқарушы органының 2020 жылға арналған резерві 101800 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

аталған шешімнің 1, 4, 5 қосымшалары осы шешімнің 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енеді

**Сессия төрағасы** **С. ЖУМКИНА**

**Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы** **С. МЕДЕБАЕВ**

*Жезқазған қалалық мәслихатының*
*2020 жылғы 2 желтоқсаны*
*№ 54/461 шешіміне 1-қосымша*

*Жезқазған қалалық мәслихатының*
*2019 жылғы 27 желтоқсандағы*
*XXXXII сессиясының №41/362 шешіміне*
*1-қосымша*

## 2020 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Санаты** | | | | **Сомасы, мың теңге** |
| | **Сыныбы** | | | |
| | | **Кіші сыныбы** | | |
| | | | **Атауы** | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | **I. Кірістер** | 21458045 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 8959272 |
| | 01 | | Табыс салығы | 4507639 |
| | | 1 | Корпоративтік табыс салығы | 646683 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 3860956 |
| | 03 | | Әлеуметтік салық | 3124299 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 3124299 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 1016586 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 837575 |
| | | 3 | Жер салығы | 23292 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 155719 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 281584 |
| | | 2 | Акциздер | 8754 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 206000 |
| | | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 63045 |
| | | 5 | Ойын бизнесіне салық | 3785 |
| | 07 | | Басқа да салықтар | 4 |
| | | 1 | Басқа да салықтар | 4 |
| | 08 | | Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 29160 |
| | | 1 | Мемлекеттік баж | 29160 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 21157 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 16679 |
| | | 1 | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері | 16 |
| | | 4 | Мемлекет меншігінде тұрған, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер | 69 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 16386 |
| | | 7 | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 208 |
| | 03 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 210 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 210 |
| | 04 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 23 |
| | | 1 | Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 23 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 4245 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 4245 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 254025 |
| | 01 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 144954 |
| | | 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 144954 |
| | 03 | | Жерді және материалдық емес активтерді сату | 109071 |
| | | 1 | Жерді сату | 43611 |
| | | 2 | Материалдық емес активтерді сату | 65460 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 12223591 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 12223591 |
| | | 2 | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер | 12223591 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Функционалдық топ** | | | | | **Сомасы, мың теңге** |
| | **Кіші функция** | | | | |
| | | **Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі** | | | |
| | | | **Бағдарлама** | | |
| | | | | **Атауы** | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | **II. Шығындар** | 24625632 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 587814 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 334865 |
| | | 112 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты | 39628 |
| | | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 39628 |
| | | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 295237 |
| | | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 295237 |
| | 2 | | | Қаржылық қызмет | 3976 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 3976 |
| | | | 003 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу | 3976 |
| | 9 | | | Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер | 248973 |
| | | 454 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі | 47550 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 47550 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 101134 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 74071 |
| | | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 27063 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 100289 |
| | | | 001 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 72704 |
| | | | 015 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 7095 |
| | | | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер | 20490 |
| 02 | | | | Қорғаныс | 50059 |
| | 1 | | | Әскери мұқтаждар | 21341 |
| | | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 21341 |
| | | | 005 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 21341 |
| | 2 | | | Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру | 28718 |
| | | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 28718 |
| | | | 006 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою | 28354 |
| | | | 007 | Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар | 364 |
| 03 | | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 83630 |
| | 9 | | | Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер | 83630 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 83630 |
| | | | 021 | Елді-мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 83630 |
| 04 | | | | Білім беру | 9719653 |
| | 1 | | | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 1415062 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 1415062 |
| | | | 040 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға | 1415062 |
| | 2 | | | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру | 6406718 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 5851830 |
| | | | 003 | Жалпы білім беру | 5581532 |
| | | | 006 | Балаларға қосымша білім беру | 270298 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 554888 |
| | | | 024 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 554888 |
| | 9 | | | Білім беру саласындағы өзге де қызметтер | 1897873 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 1897873 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 52844 |
| | | | 005 | Ауданның (областык маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 148380 |
| | | | 012 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 5735 |
| | | | 015 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі | 29406 |
| | | | 029 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету | 33975 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 1627533 |
| 06 | | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 1291665 |
| | 1 | | | Әлеуметтік қамсыздандыру | 329223 |
| | | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 313099 |

►►4-бетте

# 2020 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТ

*(Жалғасы. Басы 3-бетте).*

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 005 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек | 313099 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 16124 |
| | | | 030 | Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу | 16124 |
| | 2 | | | Әлеуметтік көмек | 840728 |
| | | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 831402 |
| | | | 002 | Жұмыспен қамту бағдарламасы | 275122 |
| | | | 004 | Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету | 3501 |
| | | | 006 | Тұрғын үйге көмек көрсету | 1155 |
| | | | 007 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек | 157051 |
| | | | 010 | Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету | 869 |
| | | | 013 | Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу | 62939 |
| | | | 014 | Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету | 165156 |
| | | | 017 | Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну | 119919 |
| | | | 023 | Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету | 45690 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 9326 |
| | | | 008 | Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау | 9326 |
| | 9 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер | 121714 |
| | | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 121714 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 63684 |
| | | | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу | 1911 |
| | | | 050 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту | 56119 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 8048479 |
| | 1 | | | Тұрғын үй шаруашылығы | 2991852 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 782002 |
| | | | 004 | Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету | 584567 |
| | | | 005 | Авариялық және ескі тұрғын үйлерді бұзу | 8885 |
| | | | 049 | Көп пәтерлі тұрғын үйлерде энергетикалық аудит жүргізу | 234 |
| | | | 070 | Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеу | 188316 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 2181023 |
| | | | 003 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау | 1411271 |
| | | | 004 | Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру | 657392 |
| | | | 098 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу | 112360 |
| | | 479 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй инспекциясы бөлімі | 28827 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 28827 |
| | 2 | | | Коммуналдық шаруашылық | 3511212 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 130820 |
| | | | 012 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі | 130820 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 3380392 |
| | | | 006 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту | 3380392 |
| | 3 | | | Елді-мекендерді көркейту | 1545415 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 1545415 |
| | | | 015 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 505699 |
| | | | 016 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 45536 |
| | | | 017 | Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу | 5185 |
| | | | 018 | Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру | 988995 |
| 08 | | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 864712 |
| | 1 | | | Мәдениет саласындағы қызмет | 112627 |
| | | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 112627 |
| | | | 003 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 112627 |
| | 2 | | | Спорт | 366191 |
| | | 465 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі | 95815 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 18842 |
| | | | 005 | Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту | 61359 |
| | | | 006 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу | 7443 |
| | | | 007 | Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы | 8171 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 270376 |
| | | | 008 | Спорт объектілерін дамыту | 270376 |
| | 3 | | | Ақпараттық кеңістік | 228043 |
| | | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 149835 |
| | | | 006 | Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі | 136775 |
| | | | 007 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту | 13060 |
| | | 456 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 78208 |
| | | | 002 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер | 78208 |
| | 9 | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер | 157851 |
| | | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 65584 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 28771 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 36813 |
| | | 456 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 92267 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 46205 |
| | | | 003 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру | 46062 |
| 09 | | | | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану | 724658 |
| | 9 | | | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер | 724658 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 724658 |
| | | | 036 | Газ тасымалдау жүйесін дамыту | 724658 |
| 10 | | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 121345 |
| | 1 | | | Ауыл шаруашылығы | 37832 |
| | | 473 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі | 37832 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 9401 |
| | | | 005 | Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 4435 |
| | | | 007 | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру | 6029 |
| | | | 010 | Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу | 5167 |
| | | | 011 | Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу | 12800 |
| | 6 | | | Жер қатынастары | 81749 |
| | | 463 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі | 81749 |
| | | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 34010 |
| | | | 003 | Елді-мекендерді жер-шаруашылық орналастыру | 47739 |
| | 9 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер | 1764 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 1764 |
| | | | 099 | Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру | 1764 |
| 11 | | | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 143848 |
| | 2 | | | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 143848 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 109858 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 109858 |
| | | 468 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі | 33990 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 24470 |
| | | | 003 | Аудан аумағында қала құрылысын дамыту схемаларын және елді-мекендердің бас жоспарларын әзірлеу | 9520 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 2086474 |
| | 1 | | | Автомобиль көлігі | 2051648 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 2051648 |
| | | | 022 | Көлік инфрақұрылымын дамыту | 617857 |
| | | | 023 | Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 58717 |
| | | | 045 | Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу | 1375074 |
| | 9 | | | Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер | 34826 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 34826 |
| | | | 037 | Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау | 34826 |
| 13 | | | | Басқалар | 656018 |
| | 9 | | | Басқалар | 656018 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 554218 |
| | | | 085 | Шағын және моноқалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру | 554218 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 101800 |
| | | | 012 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві | 101800 |
| 14 | | | | Борышқа қызмет көрсету | 2154 |
| | 1 | | | Борышқа қызмет көрсету | 2154 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 2154 |
| | | | 021 | Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышқа қызмет көрсету | 2154 |
| 15 | | | | Трансферттер | 245123 |
| | 1 | | | Трансферттер | 245123 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 245123 |
| | | | 006 | Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару | 20180 |
| | | | 024 | Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер | 45716 |
| | | | 038 | Субвенциялар | 121662 |
| | | | 054 | Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару | 57565 |

| **Функционалдық топ** | | | | | **Сомасы, мың теңге** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Кіші функция** | | | | |
| | | **Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі** | | | |
| | | | **Бағдарлама** | | |
| | | | | **Атауы** | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | **III. Таза бюджеттік кредиттеу** | 1656710 |
| | | | | Бюджеттік кредиттер | 1659008 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 1651220 |
| | 1 | | | Тұрғын үй шаруашылығы | 1651220 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 1651220 |
| | | | 053 | Жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру | 1651220 |
| 10 | | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 7788 |
| | 9 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер | 7788 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 7788 |
| | | | 018 | Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер | 7788 |

►►5-бетте

*(Соңы. Басы 3, 4-беттерде).*

# 2020 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТ

| Санаты | | | | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | Сыныбы | | | |
| | | Кіші сыныбы | | |
| | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 5 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 2298 |
| | 01 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 2298 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 2298 |

| Функционалдық топ | | | | | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кіші функция | | | | |
| | | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | |
| | | | Бағдарлама | | |
| | | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо: | 0 |
| | | | | Қаржылық активтерді сатып алу | 0 |
| | | | | | |

| Санаты | | | | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | Сыныбы | | | |
| | | Кіші сыныбы | | |
| | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |

| Функционалдық топ | | | | | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кіші функция | | | | |
| | | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | |
| | | | Бағдарлама | | |
| | | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | V. Бюджет тапшылығы (профициті) | -4824297 |
| | | | | VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 4824297 |

| Санаты | | | | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | Сыныбы | | | |
| | | Кіші сыныбы | | |
| | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 7 | | | Қарыздар түсімдері | 4169087 |

| Функционалдық топ | | | | | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кіші функция | | | | |
| | | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | |
| | | | Бағдарлама | | |
| | | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 16 | | | | Қарыздарды өтеу | 175078 |
| | 1 | | | Қарыздарды өтеу | 175078 |
| | | 495 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 175078 |
| | | | 005 | Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу | 175078 |

| Санаты | | | | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | Сыныбы | | | |
| | | Кіші сыныбы | | |
| | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 8 | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 830288 |

*Жезқазған қалалық мәслихатының*
*2020 жылғы 2 желтоқсаны*
*№ 54/461 шешіміне 2-қосымша*

*Жезқазған қалалық мәслихатының*
*2019 жылғы 27 желтоқсандағы*
*XXXXI сессиясының №41/362 шешіміне*
*4-қосымша*

## 2020 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АҒЫМДАҒЫ НЫСАНАЛЫ ТРАНСФЕРТТЕР мен НЫСАНАЛЫ ДАМУ ТРАНСФЕРТТЕРІ, КРЕДИТТЕР

| | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | Барлығы:<br>оның ішінде:<br>Ағымдағы нысаналы трансферттер<br>Нысаналы даму трансферттері<br>Бюджеттік кредиттер<br>оның ішінде:<br>Ағымдағы нысаналы трансферттер, оның ішінде: | 13300103<br><br>2818464<br>6312552<br><br>4169087<br>2818464 |
| 1 | Мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға | 144384 |
| 2 | Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға | 715695 |
| 3 | Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге | 528104 |
| 4 | Орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге | 98096 |
| 5 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын арттыруға, оның ішінде:<br>мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайту<br>техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар тізбесін кеңейту | 44250<br><br>8758<br>35492 |
| 6 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға, оның ішінде:<br>еңбекақы төлемін ішінара субсидиялау<br>жастар практикасы<br>жаңа бизнес идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар ұсыну<br>қоғамдық жұмыстар | 188801<br><br><br>25500<br>32301<br>97376<br>33624 |
| 7 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге, оның ішінде:<br>мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеу<br>кепілдендірілген әлеуметтік топтам | 219637<br>93372<br>126265 |
| 8 | Мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін жұмыскерлердің жалақысына қосымша ақылар белгілеуге | 34028 |
| 9 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығында сұранысқа ие біліктіліктер пен дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға | 8334 |
| 10 | Мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақыларына қосымша ақылар белгілеуге | 37738 |
| 11 | Көппәтерлі тұрғын үйлерге энергетиалық аудит жүргізуге | 234 |
| 12 | Халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына және (немесе) аз қамтылған көпбалалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғынжайын сатып алуға | 292800 |
| 13 | Білім беру нысандарын материалдық-техникалық базасын ұстау және күшейту, жөндеу жүргізуге, оның ішінде:<br>білім беру нысандарын күрделі жөндеу | 317928<br>317928 |
| 14 | Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеуге | 188316 |
| 15 | Портал арқылы сатып алынатын әлеуметтік қызметтердің санаторлық-курорттық емделу құнын өтеу ретінде ұсынылатын кепілдендірілген соманы төлеуге | 119 |
| | Нысаналы даму трансферттері, оның ішінде: | 6312552 |
| 16 | Жезқазған қаласындағы 900 орынға арналған мектептің құрылысы | 520150 |
| 17 | Жезқазған қаласындағы Алашахан көшесі, 34Д 5 қабатты 60 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы | 217526 |
| 18 | Жезқазған қаласының Алашахан көшесі, 34Е көпқабатты жалға берілетін тұрғын үйдің құрылысы | 175028 |
| 19 | Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Алашахан көшесі, 34И мекенжайы бойынша 5 қабатты 30 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы | 153073 |
| 20 | Жезқазған қаласының 69-орамдағы Шевченко көшесі,23А 3 қабатты 18 пәтерлі тұрғын үйге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жүргізу (су құбыры, кәріз, жылумен жабдықтау, телефондандыру, абаттандыру) | 9839 |
| 21 | Жезқазған қаласының қалаішілік су құбырлары желілерін қайта жаңарту, 2-кезең | 1285374 |
| 22 | Жезқазған қаласының қалаішілік су құбырлары желілерін қайта жаңарту, 3-кезең | 971840 |
| 23 | Жезқазған қаласының қалаішілік су құбырлары желілерін қайта жаңарту, 1-кезең | 820000 |
| 24 | Жезқазған қаласының шаруашылық ауыз суды тазартқыш қондырғыларын реконструкциялау, 3-кезең | 209178 |
| 25 | «Сарыарқа» магистральды газ құбыры «Жезқазған» автоматтандырылған газ тарату станциясынан бастап Жезқазған қаласының газ тарату желілерін салу | 684978 |
| 26 | Жезқазған қаласы жылу желілерін реконструкциялау және жаңарту, 2-кезең | 550237 |
| 27 | Жезқазған қаласында 320 көрермен орнына арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу | 100000 |
| 28 | Жезқазған қаласындағы Привокзальная көшесі мен Сарыарқа көшесі аралығындағы темір жол арқылы №4 жолөткелін қайта құрылымдау | 615329 |
| | Бюджеттік кредиттер, оның ішінде: | 4169087 |
| 29 | Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін бюджетке кредит беру | 1858304 |
| 30 | Тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу үшін кредит беру, оның ішінде:<br>Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Байқоңыров көшесі, 28А мекенжайы бойынша 3 қабатты 18 пәтерлі тұрғын үй құрылысы<br>Жезқазған қаласындағы Алашахан көшесі, 34К көпқабатты кредиттік тұрғын үйдің құрылысы | 651775<br><br>150075<br><br>501700 |
| 31 | Жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру, оның ішінде:<br>Жезқазған қаласы жылу желілерін реконструкциялау және жаңарту, 1-кезең | 1651220<br>1651220 |
| 32 | Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер | 7788 |

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2020 жылғы 2 желтоқсаны*
*№ 54/461 шешіміне 3-қосымша*

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы*
*XXXXI сессиясының №41/362 шешіміне 5-қосымша*

## 2020 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚАЛАЛЫҚ БЮДЖЕТТЕН АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ БЮДЖЕТІНЕ БЕРІЛЕТІН АҒЫМДАҒЫ НЫСАНАЛЫ ТРАНСФЕРТТЕР

| № р/с | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | Ағымдағы нысаналы трансферттер, барлығы<br>оның ішінде: | 47553 |
| 1 | Кеңгір ауылындағы футбол алаңын ағымдағы жөндеуге | 1315 |
| 2 | Кеңгір ауылындағы саябақ ауласына спорттық сауықтыру алаңын орнатуға | 2400 |
| 3 | Кеңгір ауылдық округінің стихиялық үйінділерін жоюға | 5983 |
| 4 | Кеңгір ауылындағы автомобиль жолдарын орташа жөндеуге | 17365 |
| 1 | 2 | 3 |
| 5 | Еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізуге, барлығы<br>оның ішінде:<br>Кеңгір ауылдық округі<br>Талап ауылдық округі<br>Сарыкеңгір ауылдық округі | 20490<br><br>8842<br>7721<br>3927 |

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...

# ҚАЛДЫРҒАН ІЗІ МӘҢГІЛІК

***Шабаз СМАЙЛОВ туралы бір үзік сыр***

***Ұстаздарын еске алмайтын шәкірт жоқ шығар, сірә! Сәттібек Қорғанбековтің «Ұстаздар ізі мәңгілік» кітабына енген «Майдангер ұстаздарым» атты естелігімде бағыт-бағдар берген ұстаздардың бірқатарын атап едім. Дегенмен, бір естелікте барлығын қамту мүмкін емес. Бүгін қолға қалам алуыма біліктілігімен танылған ұлағатты әріптес-математик ағаларымның бірі Абай атындағы педагогикалық институтты 1956 жылы бітірген Шабаз СМАЙЫЛОВ себепкер болды.***



Он бір жас үлкендігі бар әрі ұстаздық тәжірибесі мол Шабаз ағамен қызмет бабымен жиі сөйлестік. Бірде Қарағандыдағы іссапардан (1973 жылы) екеуіміз ғана бір купеде қайттық. Сонда ол академик О.Жаутіковтен, танымал ғалымдар М.Искаковтен, А.Закариннен дәріс алғанын тілге тиек етті. Академик Орымбек Ахметбекұлының қазақ тілінде тұңғыш жарық көрген «Математикалық анализ» оқулығы жайлы пікірлестік. Кітап аударылымындағы «шек, шексіз шама, шексіз аз шама, шексіздік, ақырсыз аз шама, шексіз үлкен шама, теңсіздік, «тамаша шектер», «функцияның секірмелілігі» терминдері мағынасы туралы әріптестік түсінігіміз үйлесім тапты. Аудармадағы терминдерге баламалы сөздер күнделікті ана тілімізде айтылғанымен оларға ғылыми зерттелім жасалып, көңіл аудара бермейміз. Сол жолы көптеген терминдердің ұлттық тұрмыстық мағынасын Шәкеңнен толығырақ ұғынғандаймын. Шәкең мектептегі ұстаздарым Сейітжанмен, Тимофеймен, Мәрденмен бірге оқығанын, ал институтта белгілі академик химия ғылымының докторы Зейнолла Молдахметовпен группалас әрі жатақханадағы бөлмелес достығын әңгімеледі. «Ойпырмай! «Ұстазы мықтының ұстанымы жақсы» деуші еді, енді Шәкеңмен абайлап сөйлесейін, ұтылып қалармын деп ойладым сол сәтте. Жол серіктестіктен кейін көп ұзамай Жезқазған университетіне қызметке ауысуыма байланысты Шабаз ағаны оқта-текте кездестірдім. Сөйлесуге уақыт тапшы. 80 жасқа толу мерейтойына шақырылғанда да бара алмай басылым арқылы құттықтау тілегімді жолдадым.

Әлемнің атақты математик-ғалымдары мен еліміздің жоғары оқу орындарының математика кафедрасы меңгерушілерінің басын қосқан Алматы қаласындағы жиында «Электронды техниканың арқасында арифметиканы жоғалттық. Оның есесіне, 10 шақырымнан астам биіктіктегі, 800-900 км/сағат жылдамдықтағы ұшаққа тігінен қойылған қарындаш құламайтын дәрежеге жеттік. Алайда математика арифметикамен тоғысады. Дәлдік есептеу нәтижесі не деген керемет?» деген ғұлама математик О.А. Жаутіковтің дауысы Шабаз Смайыловтан естіген әңгімені ойыма түсірген-ді. Сол жиын компьютерлік сауаттылықтың екінші сауаттылық ретінде қолданысқа енуіне байланысты еді. Көп ұзамай ақпараттық дамудың сан алуан ғажайыптарының куәгері болдық. Сондықтан, компьютерлік сауаттылық пен цифрландыру құдыретінің жаһандық бәсекелестік көшінің алдында ұстау – ұрпағымызға аманат. Кешегіні түсінбей, алдағыны болжамай аманаттың орындалуы мүмкін емес. Дәлірек айтқанда, әрбір аймақты дамыту – оның тарихымен байланыстырылса ғана нәтижелі болмақ. Басқа салаларды айтпағанда мектептердің аймақтарда құрылғанына ғасыр толмаса да, сол мектептерде тер төгіп, із қалдырған ұстаздар тез ұмытылуда. Ғылыми ізденіс бағытым басқа сала болғанымен, ұстаздар еңбегін дәріптеуді өзіме парыз санаймын.

Соңғы жылдары өңірлердегі мектептерде заманауи жабдықталған пән кабинеттері ашылып, оларға тұлғалар есім беріле бастады. Мысалы, мемлекет, қоғам қайраткері, жазушы публицист К.Смаилов, академик, мед.ғ.д. Т.Шарманов, жазушы М.Иманжанов, майдангер ақын Баубек Бұлқышев, т.б. абзалдарды қанаттанған Ұлытау мектебінде ұстаз Шабаз Смаилов атындағы математика кабинетін жасақтау жөніндегі мәселенің көтерілуі – ұстаздар ісінің мәңгілік сақталуына жол ашпақ. Шабаз ағаның өзі осы мектептен қанаттанды, осы мектепке тер төкті, білім беру саласында Қарағанды облысының еңбек сіңірген қайраткері, Ұлытау ауданының Құрметті азаматы атағын иеленді десек, кабинетті жабдықтауда Ә.Ермековтың, Қ.Сәтбаевтың, Ә.Марғұланның,Ө.Байқоңыровтың, көрнекті ұлт математиктерінің есімдерімен қоса аудан мектептерінде қызмет жасаған математиктер мен физиктердің өмір деректері, ғылыми-әдістемелік еңбектері аталуы тиіс.

**Өміртай ЖӘЛЕЛҰЛЫ,**
**Жезқазған қаласының**
**Құрметті азаматы**

СҰРАҚ – ЖАУАП

# ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНА ҚАТЫСТЫ БЕС САУАЛ

БЖЗК
ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

***1) Бірнеше жыл бұрын мен БЖЗҚ-ның ресми сайтындағы жеке кабинетке тіркелдім. Бірақ біраз уақыттан кейін паролін ұмытып қалдым. Кейінірек телефонымды жоғалтып алып, бұрынғы нөмірімді қайта қалпына келтірмедім. Енді маған жеке кабинетке кіріп, үзінді көшірмені онлайн режимде қалай алуға болады?***

Жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірмені Сіз ұялы қосымшадан, БЖЗҚ және электрондық үкімет сайттарынан көре аласыз. Ол үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамынан алуға болатын электрондық цифрлық қолтаңбаның өзекті кілтін пайдалануға болады.

Бұдан басқа, БЖЗҚ автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде тіркелген жекелеген деректемелерді (электрондық мекенжай, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының телефон нөмірі) сіз ЭЦҚ-ны пайдалана отырып немесе БЖЗҚ кеңселерінің біріне жүгіну арқылы өзектендіре аласыз.

***2) Жақында мен 63 жасқа толып, зейнеткер атандым. Бірақ жұмысымды одан әрі жалғастыра бергім келеді. Сізденрен сұрайын дегенім, енді менің жалақымнан міндетті зейнетақы жарналары аударыла ма, жоқ па?***

Жоқ, аударылмайды. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабы 2-тармағының ережелеріне сәйкес зейнеткерлік жасқа толған адамдар БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуден босатылады.

***3) Қайырлы күн! Материалдық жағдайымның ауырлығына байланысты мерзімі өткен және төленбеген екі несием бар. Айтыңызшы, бұл қарызды менің зейнетақы жинақтарымнан өндіріп ала ма?***

Жоқ, өндіріп алу мүмкін емес. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 50-бабының 3-тармағына сәйкес салымшының (алушының) борыштары бойынша міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына, өсімпұлдарға, зейнетақы активтеріне және зейнетақы жинақтарына тыйым салуға немесе олардан өндіріп алуға жол берілмейді.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 98-бабының 14-тармағына сәйкес өндіріп алу салымшының (алушының) борыштары бойынша зейнетақы жинақтарына қатысты қолданылмайды.

***4) Сәлеметсіз бе! Ағам қайтыс болғаннан бері бір ай мерзім өтті. Біз оның зейнетақы жинақтарын алу үшін қандай құжаттар қажет екенін және нақты қандай қаражат ала алатынымызды білсек деп едік.***

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 5-тармағына сәйкес (бұдан әрі – Заң) алушы, сондай-ақ, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және Заңның 11-бабының 1-3-тармақтарына сәйкес зейнеткерлік жасқа толмаған адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға БЖЗҚ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 52,4 еселенген мөлшері шегінде, бірақ жеке зейнетақы шотындағы (бұдан әрі- ЖЗШ) қаражаттан аспайтын мөлшердегі жерлеуге арналған біржолғы төлем төлейді.

Егер жерлеуге арналған біржолғы төлем жүзеге асырылғаннан кейін алушының ЖЗШ-сындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен аспайтын соманы құраған жағдайда, бұл қалдық жерлеуге арналған төлем ретінде төленеді.

Бұған қоса Заңның ережелерінде БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылатыны айқындалған.

Заңның 34-бабы 9-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БЖЗҚ алушыларға зейнетақы төлемдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асыруға міндетті. Аталған тәртіп, сондай-ақ, қажетті құжаттар тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.10.2013 ж. № 1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларында айқындалған.

Төлем түріне, оларды БЖЗҚ-ға беру тәсіліне (өзі келгенде/пошта байланысы құралдары/үшінші тұлға арқылы жүгінген кезде) байланысты қажетті құжаттардың өзекті тізбесі, оларды ресімдеуге қойылатын талаптар, сондай-ақ, өтініш бланкілері және төлем валютасының түріне қарай оларды толтыру және сенімхат үлгілері **www.enpf.kz** мекенжайы бойынша БЖЗҚ-ның веб-сайтында орналасқан.

***5) Коронавирус індетіне байланысты жұмыс берушім біраз уақыт жалақы төлемеді. Егер мен ресми түрде жалданып жұмыс істейтін болсам, алдыңғы айлар үшін міндетті зейнетақы жарналарын өз бетімше аудара аламын ба?***

Қазақстан Республикасының қолданыстағы зейнетақы заңнамасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын салымшылар салымшы агентінің (жұмыс берушінің) аударуы арқылы төлейді. Бұл ретте «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына аудару арқылы өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын мына жеке тұлғалар ғана төлей алады:

– жеке кәсіпкерлер;
– жеке нотариустар;
– жеке сот орындаушылары;
– адвокаттар;
– кәсіби медиаторлар;
– азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлғалар;
– бірыңғай жиынтық төлем төлеушілер.

Осылайша егер сіз жоғарыда аталған тұлғалар санатына жатпасаңыз, онда МЗЖ есебінен қалыптастырылған жеке зейнетақы шотын өз бетіңізше толықтыру мүмкін емес.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы**

***Әлемнің әрбір өңіріндегі сияқты Қазақстанда да дінді радикалдандыру өзекті мәселесінің өз ерекшелігі бар. Бүгінде радикалды ағымдардың басты екпіні дін мен дәстүрдің бірлігінде, сондай-ақ, осы бірлік негізінде пайда болған дәстүрлі рухани құндылықтарға бағытталған. Радикалды идеологияның өкілдері көбінесе зайырлы мемлекетке қатысты теріс көзқарасты қалыптастыруға тырысады. Алайда зайырлылық – дінді жоққа шығару емес. Зайырлы қоғамда дін мемлекеттен бөлінсе де, қоғам өмірінен бөлінбейді. Мемлекет барлық діни бірлестіктердің қызметі үшін тең жағдайды қамтамасыз етеді және олармен әріптестік қатынастарды қолдайды. Яғни, зайырлылық диалог пен өзара ынтымақтастыққа негізделген.***

# РУХАНИЯТ – ДІНИ РАДИКАЛИЗМГЕ ҚАРСЫ ТҰРУ ФАКТОРЫ

Ғасырлар бойы біздің халқымыз дінді руханияттың негізі деп санады. Жалпыадамзаттық рухани құндылықтар діни ұстанымдармен тығыз байланысты. Адамгершілік, өзара құрмет, білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік, Отанға деген сүйіспеншілік сияқты дәстүрлі діндердің басымдықтары рухани-адамгершілік құндылықтардың өзегін құрайды.

«Отан – отбасынан басталады». Біздің ата-бабаларымыз терең ойды қысқа сөзбен түсіндірді. Бүгінгі таңда отбасының, отбасылық құндылықтардың рөлі бірнеше есе артып келеді. Өйткені, радикалды идеологиялар рухани дәстүрлерге шабуыл жасап, негізінен отбасына соққы береді. Сондықтан адамгершілікке, жоғары рухани мұраттарға баулу процесі әр отбасынан басталуы керек. Біздің күшіміз – рухани тамырлармен дәстүрлі және отбасылық құндылықтармен тығыз байланысты қазіргі заманғы қазақстандық қоғамның ішкі әлеуеті.

Отбасы – ұлттың ұрпағы, қоғамның тірегі. Ежелгі ойшылдар егер отбасын қолдау мызғымас болса, онда ұлт пен мемлекет сенімді және берік болады деп айтқан. Отбасы қандай болса, оның еркі мен билігіне бағынатын қоғам да сондай болады.

Ата-анасының қуанышы,–
Құшағына алған қымбаттысы,
Жанның жайлылығы,
Шексіз ойдың гүлденген бағы, – деп ұлы ақын Абай жырлады.

Ал баланы тәрбиелеудегі басты мақсат – оны жан-жақты дамыту және оны қоғам үшін пайдалы азамат ету.

Шығыс халықтарының «Егер бала қымбат болса, онда оның тәрбиесі одан да қымбат» деген терең мағыналы мақалы бар. Себебі тәрбиелі ұрпақ – ата-ананың мақтанышы, елдің болашағы. Кез келген мемлекеттің болашағы, оның өміршеңдігі дәстүрлі дінде тәрбиеленген патриоттық мұрагерлердің қолында.

Бүгінгі таңда жастарымыздың отбасылық негізді, ана тілін, ғасырлық мәдениетті, дәстүрлерді, ата-бабамыздан қалған рухани және дәстүрлі діни құндылықтарды берік сақтауына және дамытып отыруына ерекше назар аударуы қажет.

Дін туы астындағы терроризм мәселесі бізге, соның ішінде қазақстандық қоғамға да қарсы сын-тегеурін болып табылады. Алайда, бұл сын-тегеуріннен қорқудың қажеті жоқ. Керісінше, бұл мәселе барлық салауатты қоғамдық күштерді жұмылдыруға және шоғырландыруға ықпал етуі керек.

Барлық мемлекеттік органдардың діни бірлестіктермен, ғылыми және сараптамалық қоғамдастықпен, оның ішінде орта және жоғары оқу орындарында «Дінтану» пәнінен сабақ беретін мұғалімдермен бірлесіп, үйлесімді жұмыс жүргізу қажеттігі туындап отыр. Сондай-ақ, зиялы қауым өкілдерін тарту да маңызды, өйткені олар халықтың дәстүрін, рухани және адамгершілік құндылықтарын, даналығын жеткізуші болып табылады.

Мемлекеттік органдардың, азаматтық қоғам институттары мен діни бірлестіктердің қызметін радикалды идеялардан иммунитетті қалыптастырудың маңызы зор. Ең бастысы – ол адамдар жалған діни ілімдердің тұзағына түспеуі, осы саладағы қауіптер туралы барынша хабардар болуы және олардан интеллектуалды қорғалуы.

Жезқазған қаласы әкімдігінің жанында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру тобы жұмыс істейді.

Жезқазған қаласы азаматтарының бұқаралық санасына сіңуі – осы топтың ақпараттық-түсіндіру жұмысындағы басымдықтары болып табылады:

– **«Зайырлы қоғам және жоғары руханият – біздің басты құндылықтарымыз»**. Бұл жерде қоғамдағы зайырлы сананы нығайту, азаматтар мен қоғамды сыртқы рухани агрессиядан қорғауды қамтамасыз ету және халықтың индустриялық-инновациялық Қазақстанның зайырлы қағидаттарында дамып келе жатқан еліміздің болашағын нақты түсінуін қалыптастыру қажеттігі туындайды.

Азаматтарға рухани және діни құндылықтар елдің өркендеуіне, барлық саланың дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етуі тиіс деген идеяны жеткізу маңызды.

Рухани-діни құндылықтар – қоғамда толеранттылықты және әртүрлі конфессиядағы адамдар арасындағы өзара құрметтеуді қамтамасыз ете отырып, Қазақстанның даму мақсаттарына қол жеткізу үшін негіз қалыптастыруы тиіс.

Ең бастысы, азаматтарға архаикалық құндылықтарға бағдарланған радикалды діни сипаттағы идеялар – Қазақстанның прогрессивті процестерін тежейді деген ойды жеткізу.

– **«Бірлік пен келісім – Қазақстан дамуының негізі».** Азаматтарды Қазақстанда конфессияаралық келісіммен қамтамасыз етілген ел Тәуелсіздігінің жетістіктерін сақтау мен дамытудың маңыздылығына бағыттау қажет. Азаматтардың назарын бейбітшіліктің, тұрақтылықтың, бірлік пен келісімнің идеологиялық құндылықтары – елдің және әрбір қазақстандық отбасының одан әрі өркендеуінің негізгі шарты болып табылатындығына мән беру қажет.

– **«Патриотизм, ұлттық дәстүрлер мен мәдениет-ұлттың рухани іргетасы»**. Қоғамда патриотизм қағидаттарын, тарихи сананың құрамдас элементтері және азаматтардың болашаққа рухани-адамгершілік бағдарлары ретінде ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті және дәстүрлі діни құндылықтарды сақтау және дамыту қажеттілігін дәйекті ілгерілету маңызды.

– **«Радикализм мен экстремизмнің алдын алу-бүкіл қоғамның міндеті»**. Дінбасылардың, этномәдени орталықтардың, үкіметтік емес және жастар ұйымдарының өкілдері, Жезқазғанның беделді азаматтары, өмірдің түрлі салаларындағы елдер діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға жәрдемдеседі және қағидатты баға береді, сонымен қатар, кез келген деструктивті көріністерге өзінің ұнамсыздығын ашық білдіреді.

Тек дәстүрлі рухани құндылықтар мен дін арасындағы өзара байланыс – діни радикализмге қарсы тұрудың берік негізіне айналады.

**Гаухар ЖАҚЫПБЕКОВА,**
**Жезқазған қаласы әкімдігінің облыстық және республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі.**
**Жезқазған қаласы білім бөлімінің тәрбие жұмысы секторының меңгерушісі.**

# COVID-19: БІЛУ МАҢЫЗДЫ



***COVID-19-дың ең жиі тараған белгілеріне дене қызуының жоғарылауы, құрғақ жөтел және шаршағыштық жатады. Сирек белгілеріне буын мен бұлшықеттердегі ауру сезімі, мұрынның бітуі, бас ауруы, конъюнктивит, тамақтың ауруы, диарея, иіс және дәм сезудің жоғалуы, саусақтар мен бармақтар терісі түсінің өзгеруі мен бөртпелерді жатқызуға болады. Бұл белгілер біртіндеп дамиды және айқын болмайды. Кейбір инфицирленген адамдарда ауру жеңіл клиникалық белгілермен өтеді. Науқастардың басым көпшілігі (80% жуығы) ауруханаға жатқызудың қажеттілігінсіз кенеттен жазылып кетеді. Бес жағдайдың бірінде COVID-19 ауруы ауыр түрде, яғни тыныс алу жеткіліксіздігінің дамуымен өтеді. Егде жастағы адамдарда және жоғары артериалдық қан қысымы, өкпе мен жүректің аурулары, қант диабеті, рак сияқты қосалқы аурулары бар адамдарда аурудың ауыр түрде өту мүмкіндгі өте жоғары. Бірақ COVID-19-ды кез келген адам жұқтыруы және ауыр түрде науқастануы мүмкін.***

**ВИРУС ҚАЛАЙ ТАРАЛАДЫ?**

2019-nCoV вирус жұқтырған басқа адамдардан жұға алады. Ауру жөтелу немесе түшкіру кезінде науқастың мұрнынан немесе аузынан шығатын ұсақ тамшылар арқылы адамнан адамға жұғуы мүмкін. Ондай тамшылар адамның айналасындағы заттардың беттеріне түседі. Адам алдымен затты ұстап, сосын көз, мұрын немесе ауызға қолын тигізу арқылы жұқтыруы мүмкін. Сонымен қатар, COVID-19 инфекциясы науқас адам жөтелгенде немесе түшкіргенде шашырайтын микро тамшыларды жұту арқылы жұғуы мүмкін.

Сол себепті науқас адамнан кемінде 1 метр қашықтықта болу керек.

**КОРОНАВИРУСТАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУ ҚАЖЕТ?**

– Қолды өте жиі 20 секунд бойы сабындап жуу (микробтарды өлтіруге антисептик көмектеседі);

– Түшкіргенде және жөтелгенде мұрын-аузыңызды қағаз майлықпен не шынтағыңызбен жабыңыз. Содан кейін майлықты жабық контейнерге тастап, қолыңызды жуыңыз;

– Қолыңызды көзіңізге, мұрныңызға және аузыңызға тигізбеңіз, бұлар вирустың «кіріс қақпасы» саналады;

– Жөтел, жоғары температура және тыныс алу мүшелері ауруларының басқа симптомдары бар адамдардан аулақ жүріңіз;

– Адам көп жиналатын қоғамдық орындарға, тойлар мен жиындарға бармай, үйде отыруға тырысыңыз;

– Адамдармен қол алыспай, қашықтықтан амандасқан жөн;

– Үйдің терезесін жиі ашып, ауаны тазартып тұрыңыз;

– Қоғамдық көлікті жиі пайдаланбаған жөн;

– Қолма-қол ақшадан бас тартып, төлемді мүмкіндігінше банк картасы арқылы жасаңыз;

– Бөлмені жиі желдетіңіз;

– Табиғат пен фермалардағы жануарлардан аулақ жүріңіз;

– Ет пен жұмыртқаны ұзақ уақыт қайнатып не пісіріңіз, яғни, шала піскен күйінде тұтынбаңыз;

– Температура көтерілгенде, жөтелгенде және тыныс алу қиындағанда дереу медициналық жәрдемге жүгініңіз;

– Иммунитетіңізді нығайтып, салауатты өмір салтын ұстаныңыз. Ақуыздарға, дәрумендерге және минералды заттарға бай тағамдарды тұтыныңыз.

Дене қызуы көтерілгенде, дененің ауырсынуы және бас ауруы кезінде парацетамол қабылдауға болады. Парацетамолды тәулігіне 3 г-нан артық қабылдамаңыз. Тым көп мөлшерде болса, бауырға зиян. Ауырған болсаңыз бірінші кезекте отбасылық дәрігеріңізге хабар беріп, міндетті түрде оның тағайындаған емі бойынша дәрі-дәрмек қабылдаңыз. Сұйықтықты көп ішу керектігін ұмытпаған жөн. Ауыз-қуысын фурацилинмен, ал мұрын қуысын тұзбен шаю керек. Лимон мен шиповникпен шай ішудің де пайдасы зор.

**Ардақ ИСАЕВА,**
**«Тильман» отбасылық- дәрігерлік амбулаториясының отбасылық дәрігері**

## DÚISENBI
## 21 JELTOQSAN

**QAZAQSTAN**

6:05 «Тұлға». Д/ф. 6:30 «Másele». 7:10 «Питер Пэн». М/х. 8:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Келін әні». 12:00 «БІЛІМ БӘЙГЕСІ». 13:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». 14:00 «Apta». 15:00 «Kóńil tolqyny». 16:15 «АЛТЫН БЕСІК». 16:30 «ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРЛАНДАРЫ». Д/ф. 17:00 AQPARAT. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «КЕЛІН ӘНІ». 19:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «МЕНІҢ МЕКТЕБІМ». 22:30 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». 23:30 «Казбат». 1:00 AQPARAT. 1:35 «Ashyq alań». 2:25 «Теледәрігер». 3:15 «Тәуелсіздік тарландары». Д/ф».

**ХАБАР**

6:00 Телехикая. «Қыз жолы». 7:30 Мультсериал. «Малышарики». 9:15 «Qalamaimyn». 10:20 Телехикая. «Қарлығаш ұя салғанда 2». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен». 13:10 Телесериал. «Фамильные ценности». 14:00 Телесериал. «Дети сестёр». 15:00 «Бүгін». 16:00 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 16:30 Телехикая. «Бәсеке 2». 17:00 «Qalamaimyn». 18:00 Телехикая. «Келінжан 2». 19:30 Время действий. Новый курс. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:40 Ток-шоу «Хабарлас». 22:40 Телехикая. «Бәсеке 2». 23:30 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 0:00 Документальный фильм «Хабар 5.0». 1:00 «BAQ лига». 1:30 «Әсем әуен»

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Кекеш келін» 11:20 «Сүлеймен Сұлтан» 12:30 «Ұлы әмірші Куаң Ге То» 14:00 Специальный репортаж. 14:20 М/ф «Маша и медведь». 14:45 «Сын моего отца» т/с. 16:00 «Келіндер». 17:10 «Үздік әзілдер». 18:00 «Белгісіз жан» 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан» 22:00 «Кекеш келін» 23:10 «Ұлы әмірші Куаң Ге То» 0:40 «Қош келдіңіз». 2:00 ASTANA TIMES. 2:50 «Біреудің есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Сын моего отца» т/с. 4:40 «Отбасы». 5:00 «Келіндер».

**КТК**

07.05 "КТК" ҚОРЖЫНЫНАН". 07.30 "МӘССАҒАН. KZ". 07.50 "САОДАТ". 09.10 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ". 10.00 "ИНАЯ РЕАЛЬНОСТЬ". 10.40 "ЛЮБИМАЯ». 12.45 «ПОКА СМЕРТЬ НЕ РАЗЛУЧИТ НАС». 17.00 "ЖАНҒАН ҮМІТ». 18.00 "КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 "СИЛЬНАЯ СЛАБАЯ ЖЕНЩИНА». 02.00 "ЛЮБИМАЯ». 03.25 "КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ». 04.30-05.30 "ҚАРА ТЕҢІЗ»..

**7-АРНА**

06.00 «Гу Гу Гэп». 06.40 «Әкесінің баласы». 07.20 «Элиф». 08.30 «Жребий судьбы». 12.30 «Ерке мұң». 13.30 «Элиф». 14.30 «Азулы әулет». 15.30 «КЗландия. Перезагрузка». 16.00 «Папаньки». 17.00 «Избранница». 18.00 «Никонов и Ко». 19.00 Спецпроект «Самое время». 19.30 «Никонов и Ко». 20.30 «Ерке мұң». 21.30 «Зың-зың Күлпәш». 22.20 «Жалдамалы қалыңдық». 23.20 «Папаньки». 00.20 Х/ф «Затерянный город Z». 03.20 «Айна-online». 04.00 «Сен жалғыз емессің». 04.30 «Зың-зың Күлпәш». 05.10 «Жеңіп көр»

**АҚШАМ**

09:00 Информационный блок. 09:20 Фильм. 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 11:40 Фильм. 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 Экстрасенсы против детективов. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 «Кел татуласайық». 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 18:30 Сериал. 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 Сериал. 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок.

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 06:10 «Неге?» . 07:10 Индийское кино. «Крестный отец». 10:10 КИНО «Қалалық келин-Шарапат 2». 12:50 КИНО. «Некуда бежать» . 15:00 «Кел татуласайық». 18:00 «Экстрасенсы детективы». 20:00 Информбюро. 21:00 Сериал «Пенсильвания». 22:05 Индийское кино. «Сангам» . 02:05 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері . 03:30 Ризамын. 04:30 Әзіл студио .

## SEISENBI
## 22 JELTOQSAN

**QAZAQSTAN**

6:05 «Тұлға». Д/ф. 6:30 AQPARAT. 7:05 «Питер Пэн». М/х. 8:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Келін әні». 11:00 «Біздің әпке». 12:00 «БІЛІМ БӘЙГЕСІ». 13:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». 14:00 «Kóńil tolqyny». 15:00 «Менің мектебім». 16:00 «ҚАЙСАР ЖАН». 16:30 «ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРЛАНДАРЫ». 17:00 AQPARAT. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «КЕЛІН ӘНІ». 19:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». 20:00 AQPARAT. 20:30 «ASHYQ ALAŃ». САЙЛАУ-2021. 21:30 «МЕНІҢ МЕКТЕБІМ». 22:30 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». 23:30 «Казбат». 1:00 «Жарқын жүздесу». 1:55 AQPARAT. 2:25 «Теледәрігер». 3:15 «Тәуелсіздік тарландары».

**ХАБАР**

6:00 Телехикая. «Қыз жолы». 7:30 Мультсериал. «Малышарики». 9:15 «Qalamaimyn». 10:20 Телехикая. «Қарлығаш ұя салғанда 2». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен». 13:10 Телесериал. «Фамильные ценности». 14:00 Телесериал. «Дети сестёр». 15:00 «Бүгін». 16:00 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 16:30 Телехикая. «Бәсеке 2». 17:00 «Qalamaimyn». 18:00 Телехикая. «Келінжан 2». 19:30 Время действий. Конкуренция - как национальная идея. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:40 Телехикая. «Теміртас». 23:30 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 0:00 Документальный фильм «Хабар 5.0». 1:00 «Әсем әуен».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Кекеш келін» 11:20 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ұлы әмірші Куаң Ге То». 14:00 Vine time. 14:20 М/ф «Маша и медведь». 14:45 «Сын моего отца» т/с. 16:00 «Келіндер». 17:10 «Үздік әзілдер». 18:00 «Белгісіз жан» 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан» 22:00 «Кекеш келін» 23:10 «Ұлы әмірші Куаң Ге То» 0:40 «Қош келдіңіз». 2:00 ASTANA TIMES. 2:50 «Біреудің есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Сын моего отца» т/с. 4:40 «Отбасы». 5:00 «Келіндер».

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 "САОДАТ». 08.50 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ». 09.20 НОВОСТИ. 10.00 "ОБРАТНЫЙ ОТСЧЕТ». 12.10 "СИЛЬНАЯ СЛАБАЯ ЖЕНЩИНА». 17.00 "ЖАНҒАН ҮМІТ». 18.00 "КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 "СИЛЬНАЯ СЛАБАЯ ЖЕНЩИНА». 01.50 "ОБРАТНЫЙ ОТСЧЕТ». 02.40 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 03.25 "КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ». 04.30-05.30 "ҚАРА ТЕҢІЗ". .

**7-АРНА**

06.00 «Гу Гу Гэп». 06.40 «Әкесінің баласы». 07.20 «Айна-online». 07.50 «Элиф». 09.00 «Избранница». 10.15 «Юморина». 12.30 «Ерке мұң». 13.30 «Элиф». 14.30 «Азулы әулет». 15.30 «КЗландия. Перезагрузка». 16.00 «Папаньки». 17.00 «Избранница». 18.00 «Никонов и Ко». 19.00 Спецпроект «Самое время». 19.30 «Никонов и Ко». 20.30 «Ерке мұң». 21.30 «Зың-зың Күлпәш». 22.20 «Жалдамалы қалыңдық». 23.20 «Папаньки». 00.20 Х/ф «Город порока». 02.40 «Q-елі». 03.00 Айна-online». 04.00 «Сен жалғыз емессің». 04.30 «Зың-зың Күлпәш». 05.10 «Жеңіп көр».

**АҚШАМ**

09:00 Информационный блок. 09:20 Сериал. 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:40 What*s Up?. 11:20 . 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 Сериал. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 «Кел татуласайык». 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 18:30 Сериал. 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 Сериал. 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок.

**31-АРНА**

06:00 Информбюро . 06:45 Индийское кино. «Сангам». 11:15 Сериал «Пенсильвания». 12:25 Сериал «Про Веру». 15:00 «Кел татуласайық». 18:00 «Экстрасенсы детективы». 20:00 Информбюро. 21:00 Сериал «Пенсильвания». 22:05 Ииндийское кино. «Хамраз». 02:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері . 03:00 Ризамын. 04:30 Әзіл студио.

## SÁRSENBI
## 23 JELTOQSAN

**QAZAQSTAN**

6:05 «Тұлға». 6:30 AQPARAT. 7:05 «Қалалар мен балалар». М/х. 8:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Келін әні». 11:00 «Біздің әпке». 12:00 «БІЛІМ БӘЙГЕСІ». 13:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». 14:00 «Жарқын жүздесу». 15:00 «Менің мектебім». 16:00 «Ғажайып өлке». 16:30 «ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРЛАНДАРЫ». 17:00 AQPARAT. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «КЕЛІН ӘНІ». 19:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «МЕНІҢ МЕКТЕБІМ». 22:30 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». 23:30 «Казбат». 1:00 «Қымбат жандар». 1:40 AQPARAT. 2:10 «Ashyq alań». 2:55 «Теледәрігер».

**ХАБАР**

6:00 Телехикая. «Қыз жолы». 7:30 Мультсериал. «Малышарики». 9:15 «Qalamaimyn». 10:20 Телехикая. «Қарлығаш ұя салғанда 2». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен». 13:10 Телесериал. «Фамильные ценности». 14:00 Телесериал. «Дети сестёр» . 15:00 «Бүгін». 16:00 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 16:30 Телехикая. «Бәсеке 2». 17:00 «Qalamaimyn». 18:00 Телехикая. «Келінжан 2». 19:30 Время действий. Индустриализация - новые рубежи. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:40 Телехикая. «Теміртас». 23:30 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 0:00 Документальный фильм «Хабар 5.0». 1:00 «Әсем әуен».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Кекеш келін» 11:20 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ұлы әмірші Куаң Ге То». 14:00 Vine time. 14:20 М/ф «Маша и медведь». 14:45 «Сын моего отца» т/с. 16:00 «Келіндер». 17:10 «Үздік әзілдер». 18:00 «Белгісіз жан». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан» 22:00 «Кекеш келін» 23:10 «Ұлы әмірші Куаң Ге То» 0:40 «Қош келдіңіз». 2:00 ASTANA TIMES. 2:50 «Біреудің есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Сын моего отца» т/с. 4:40 «Отбасы». 5:00 «Келіндер».

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 "САОДАТ». 08.50 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ". 09.20 НОВОСТИ. 10.00 "ОБРАТНЫЙ ОТСЧЕТ». 12.10 "СИЛЬНАЯ СЛАБАЯ ЖЕНЩИНА». 17.00 "ЖАНҒАН ҮМІТ». 18.00 "КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 "СИЛЬНАЯ СЛАБАЯ ЖЕНЩИНА». 01.50 "ОБРАТНЫЙ ОТСЧЕТ». 02.40 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 03.25 "КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ». 04.30-05.30 "ҚАРА ТЕҢІЗ".

**7-АРНА**

06.00 «Гу Гу Гэп». 06.40 «Әкесінің баласы». 07.20 «Айна-online». 07.50 «Элиф». 09.00 «Избранница». 10.15 «Юморина». 12.30 «Ерке мұң». 13.30 «Элиф». 14.30 «Азулы әулет». 15.30 «КЗландия. Перезагрузка». 16.00 «Папаньки». 17.00 «Избранница». 18.00 «Никонов и Ко». 19.00 Спецпроект «Самое время». 19.30 «Никонов и Ко». 20.30 «Ерке мұң». 21.30 «Зың-зың Күлпәш». 22.20 «Жалдамалы қалыңдық». 23.20 «Папаньки». 00.20 Х/ф «В поисках мамы 2». 02.20 «Q-елі». 03.00 «Айна-online». 04.00 «Сен жалғыз емессің». 04.30 «Зың-зың Күлпәш». 05.10 «Жеңіп көр»»

**АҚШАМ**

09:00 Информационный блок. 09:20 Сериал. 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:40 What*s Up?. 11:20 Сериал. 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 Сериал. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 «Кел татуласайык». 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 18:30 Сериал. 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 Сериал. 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок.

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 06:10 Информбюро. 06:55 Индийское кино. «Хамраз». 11:15 Сериал «Пенсильвания». 12:25 Сериал «Про Веру». 15:00 «Кел татуласайық». 18:00 «Экстрасенсы детективы». 20:00 Информбюро. 21:00 Сериал «Пенсильвания». 22:05 Индийское кино. «Ганг, твои воды замутились». 01:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері . 03:00 Ризамын. 04:30 Әзіл студио.

## BEISENBI
## 24 JELTOQSAN

**QAZAQSTAN**

6:05 «Тұлға». 6:30 AQPARAT. 7:05 «Сиқырлы тас». М/х. 8:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Келін әні». 11:00 «Біздің әпке». 12:00 «БІЛІМ БӘЙГЕСІ». 13:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». 14:00 «Қымбат жандар». 15:00 «Менің мектебім». 16:00 «MENIŃ QAZAQSTANYM». 16:30 «Жәдігер». 17:00 AQPARAT. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «КЕЛІН ӘНІ». 19:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «МЕНІҢ МЕКТЕБІМ». 22:30 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». 23:30 «Казбат». 0:20 «Күміс көмей». 1:10 AQPARAT. 1:40 «Ashyq alań». 2:30 «Теледәрігер». 3:20 «Жәдігер».

**ХАБАР**

6:00 Телехикая. «Қыз жолы». 7:30 Мультсериал. «Малышарики». 9:15 «Qalamaimyn». 10:20 Кино. «Карнавальная ночь». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен». 13:10 Телесериал. «Фамильные ценности». 14:00 Телесериал. «Дети сестёр». 15:00 «Бүгін». 16:00 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 16:30 Телехикая. «Бәсеке 2». 17:00 «Qalamaimyn». 18:00 Телехикая. «Келінжан 2». 19:30 Время действий. Служить народу. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:40 Телехикая. «Теміртас». 23:30 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 0:00 Документальный фильм «Хабар 5.0». 1:00 «Әсем әуен».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Кекеш келін» 11:20 «Сүлеймен Сұлтан» 12:30 «Ұлы әмірші Куаң Ге То» 14:00 Vine time. 14:20 М/ф «Маша и медведь». 14:45 «Сын моего отца» т/с. 16:00 «Келіндер». 17:10 «Үздік әзілдер». 18:00 «Белгісіз жан». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін». 23:10 «Ұлы әмірші Куаң Ге То». 0:40 «Қош келдіңіз». 2:00 ASTANA TIMES. 2:50 «Біреудің есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Сын моего отца» т/с. 4:40 «Отбасы». 5:00 «Келіндер».

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 "САОДАТ». 08.50 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ». 09.20 НОВОСТИ. 10.00 "ОБРАТНЫЙ ОТСЧЕТ». 12.10 "СИЛЬНАЯ СЛАБАЯ ЖЕНЩИНА». 17.00 "ЖАНҒАН ҮМІТ». 18.00 "КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 "СИЛЬНАЯ СЛАБАЯ ЖЕНЩИНА». 01.50 "ОБРАТНЫЙ ОТСЧЕТ». 02.40 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 03.25 "КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ". 04.30-05.30 "ҚАРА ТЕҢІЗ".

**7-АРНА**

06.00 «Гу Гу Гэп». 06.40 «Әкесінің баласы». 07.20 «Айна-online». 07.50 «Элиф». 09.00 «Избранница». 10.15 «Юморина». 12.30 «Ерке мұң». 13.30 «Элиф». 14.30 «Азулы әулет». 15.30 «КЗландия. Перезагрузка». 16.00 «Папаньки». 17.00 «Избранница». 18.00 «Никонов и Ко». 19.00 Спецпроект «Самое время». 19.30 «Никонов и Ко». 20.30 «Ерке мұң». 21.30 «Зың-зың Күлпәш». 22.20 «Жалдамалы қалыңдық». 23.20 «Папаньки». 00.20 Х/ф «Победители и грешники». 02.40 «Q-елі». 03.00 «Айна-online». 04.00 «Сен жалғыз емессің». 04.30 «Зың-зың Күлпәш». 05.10 «Жеңіп көр»

.

**АҚШАМ**

09:00 Информационный блок. 09:20 Сериал. 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:40 What*s Up?. 11:20 Сериал. 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 Сериал. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 «Кел татуласайык». 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 18:30 Сериал. 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 Сериал. 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок.

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 06:30 Информбюро. 07:30 Индийское кино. «Ганг, твои воды замутились». 11:15 Сериал «Пенсильвания». 12:25 Сериал «Про Веру». 15:00 «Кел татуласайық». 18:00 «Экстрасенсы детективы». 20:00 Информбюро. 21:10 Сериал «Пенсильвания». 22:15 Индийское кино. «Амар, Акбар, Антони». 02:10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері . 03:30 Ризамын.. 04:30 Әзіл студио.

## JUMA
## 25 JELTOQSAN

**QAZAQSTAN**

6:05 «Тұлға». 6:30 AQPARAT. 7:05 «Сиқырлы тас». М/х. 8:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Келін әні». 11:00 «Біздің әпке». 12:00 «БІЛІМ БӘЙГЕСІ». 13:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». 14:00 «Егіз лебіз». 15:10 «Менің мектебім». 16:10 «ИМАН ӨЗЕГІ». 16:40 «ӘЛЕМ АЙНАСЫ». 17:00 AQPARAT. 17:15 «ТӘЛІМ TREND». 18:00 «КЕЛІН ӘНІ». 19:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «МЕНІҢ МЕКТЕБІМ». 22:30 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». 23:30 «Казбат». 0:20 «PARASAT MAIDANY». 0:50 AQPARAT. 1:20 «Ashyq alań». 2:10 «Теледәрігер». 3:00 «Ауылдастар». 3:25 «Menіń Qazaqstanym».

**ХАБАР**

6:00 Телехикая. «Қыз жолы». 7:30 Мультсериал. «Малышарики». 9:15 «Qalamaimyn». 10:15 Телехикая марафоны. «ЖЖЖ корпоратив». 12:00 Жаңалықтар. Новости. 12:30 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен». 13:10 Телесериал. «Фамильные ценности». 14:00 Телесериал. «Дети сестёр». 15:00 «Бүгін». 16:00 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 16:30 Телехикая. «Бәсеке 2». 17:00 «Qalamaimyn». 18:00 Телехикая. «Келінжан 2». 19:00 Время действий. «Нация, устремленная в будущее». «На платформе доверия». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:40 Телехикая. «Теміртас». 23:30 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев». 0:00 Документальный фильм «Хабар 5.0». 1:00 «Әсем әуен»

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Кекеш келін» 11:20 «Сүлеймен Сұлтан». 12:30 «Ұлы әмірші Куаң Ге То». 14:00 Vine time. 14:20 М/ф «Маша и медведь». 14:45 «Сын моего отца» т/с. 16:00 «Келіндер». 17:10 «Үздік әзілдер». 18:00 «Белгісіз жан». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кекеш келін» 23:10 «Ұлы әмірші Куаң Ге То». 0:40 «Қош келдіңіз». 2:00 ASTANA TIMES. 2:50 «Біреудің есебінен». 3:35 «KazNet». 3:55 «Сын моего отца» т/с. 4:40 «Отбасы». 5:00 «Келіндер».

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 "САОДАТ». 08.50 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ". 09.20 НОВОСТИ. 10.00 "ОБРАТНЫЙ ОТСЧЕТ». 12.10 "СИЛЬНАЯ СЛАБАЯ ЖЕНЩИНА». 17.00 "ЖАНҒАН ҮМІТ». 18.00 "КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ». 20.35 "KTKweb". 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 "ДОРОГАЯ». 01.20 «ОБРАТНЫЙ ОТСЧЕТ». 02.10 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ». 02.35 "KTKweb». 02.55 "КЕКТЕН ТУҒАН МАХАББАТ». 04.00 "ҚАРА ТЕҢІЗ». 05.00-05.20 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ"".

**7-АРНА**

06.00 «Гу Гу Гэп». 06.40 «Әкесінің баласы». 07.20 «Айна-online». 07.50 «Элиф». 09.00 «Избранница». 10.15 «Юморина». 12.30 «Ерке мұң». 13.30 «Элиф». 14.30 «Азулы әулет». 15.30 «КЗландия. Перезагрузка». 16.15 Шоу «Маска». 19.00 Спецпроект «Самое время». 19.30 «Дизель шоу». 20.30 «Ерке мұң». 21.30 «Япырай». 22.20 «Жалдамалы қалыңдық». 23.20 Х/ф «Ёлки новые». 01.10 «Вокруг света за монетой». 02.20 «Q-елі». 03.00 «Айна-online». 04.00 «Сен жалғыз емессің». 04.30 «Япырай». 05.10 «Жеңіп көр».

**АҚШАМ**

09:00 Информационный блок. 09:20 Сериал. 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:40 What*s Up?. 11:20 Сериал. 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 Сериал. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 «Кел татуласайык». 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 18:30 Сериал. 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро
21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 Сериал. 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок

**31-АРНА**

06:00 Информбюро. 06:55 Индийское кино. «Амар, Акбар, Антони». 11:15 Сериал «Пенсильвания». 12:25 Сериал «Про Веру». 15:00 «Кел татуласайық». 18:00 «Экстрасенсы детективы». 20:00 Информбюро. 21:00 Сериал «Пенсильвания». 23:05 Концерт «Құс жолы». 02:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 03:00 Ризамын. 04:30 Әзіл студио.

## SENBI
## 26 JELTOQSAN

**QAZAQSTAN**

6:05 «Көшпенділер». 6:30 «Ғасырлар үні». 7:00 AQPARAT. 7:35 «Сақалар». М/х. 8:20 «Жүзден жүйрік». 10:00 «Келін әні». 11:00 «Біздің әпке». 12:00 «NUR TILEÝ». Сұхбат. 13:00 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 14:10 «РОБИНЗОН КРУЗО». М/ф. 15:40 «Әзіл әлемі». 18:00 «КЕЛІН ӘНІ». 19:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». 20:00 «MÁSELE». 20:40 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». 22:30 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». 23:00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». 23:10 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». 23:30 «Келін, саған айтамын…». К/ф. 1:10 «Nur tileý». Сұхбат. 1:40 «Másele». 2:20 «Parasat maıdany». 2:50 «Ғасырлар үні». 3:25 «Көшпенділер».Д/ф.

**ХАБАР**

6:00 Мультфильм. «Түркістан», «Ордабасы - бірлік туы». 7:00 «Уақыт» атты Тоқтар мен Бейбіт концерт. 9:20 «Өзін-өзі тану». 9:30 «Мен - чемпион PRO». 10:00 «Доброе утро». 11:15 Мультфильм. «Лесная братва». 12:45 «Aitystar». 14:30 Телехикая. «Пәленшеевтер». 15:00 Телехикая марафоны. «Абай жолы». 18:30 «Абайдың әндері» ән жинағы. 19:00 Спецпроект «Dimash Show. Вселенная». 20:10 «Отдел журналистских расследований». 21:00 «7 күн» 22:00 Мегахит. «Особое мнение». 0:45 Телехикая марафоны. «Бәсеке 2».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 9:50 «Кекеш келін» 11:20 «Сүлеймен Сұлтан» 12:30 «Ұлы әмірші Куаң Ге То» 14:00 Х/ф «Москва слезам не верит». 17:20 «Алдараспан» әзіл-сықақ театры. 18:00 «Белгісіз жан» 20:00 Үздік әндер. 20:55 Loto 6/49. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан» 22:00 «Кекеш келін» 23:10 «Ұлы әмірші Куаң Ге То» 0:40 «Bas times». 2:00 «Барышня-крестьянка». 3:50 Той жыры. 4:20 «KazNet». 4:40 «Үздік әзілдер». 5:20 «Ән мен әзіл».

**КТК**

07.05 "САОДАТ». 09.35 "KTKweb". 10.00 "СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ". 12.15 "ДОРОГАЯ». 16.30 "АТАЛАР СӨЗІ". 17.00 "ПРОСТО РОМАН». 21.00 "ВЫБОРЫ-2021. ДЕБАТЫ ". 22.00 "РОДНЫЕ ПЕНАТЫ». 02.00 "АР САЛМАҒЫ", к/ф. 03.10 "БАҚЫТҚА ЕСІК АШАЙЫҚ». 03.40 "АТАЛАР СӨЗІ" 04.00 "БАЗАР ЖОҚ АЛАҢЫ". 04.45-05.15 "КТК" ҚОРЖЫНЫНАН"

**7-АРНА**

06.00 «КТА лигасы». 08.15 «Айна-online». 09.00 «Юморина». 11.30 «Дизель шоу». 13.00 Х/ф «Ёлки новые». 15.00 «Тамаша 7 км». 16.00 «Япырай». 17.00 «Зың-зың Күлпәш». 20.45 Премьера! Шоу «Маска». 23.25 Х/ф «Анон». 01.35 «Вокруг света за монетой». 02.30 «Айна-online». 04.00 «Тамаша 7 км». 04.50 «Қыздар арасында»

**АҚШАМ**

09:00 Информационный блок. 09:20 Мистическое шоу «Битва экстрасенсов». 12:00 Информационный блок. 12:30 М/с «Маша и медведь». 13:30 Во весь голос. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 Фильм. 18:00 Передача. 18:20 Информационный блок. 18:30 Фильм. 20:00 Передача. 20:20 Информационный блок. 20:30 Фильм. 22:00 Информационный блок. 22:10 Фильм. 23:40 Информационный блок.

**31-АРНА**

06:00 Информбюро. 06:50 Концерт «Өмір-өзен». 09:00 «Готовим с Адель». 09:30 Мистическое шоу «Экстрасенсы против детективов». 11:20 Мультсериал «Маша и Медведь». 12:00 Международный музыкальный конкурс «Во весь голос». 14:00 КИНО «План Б». 16:40 КИНО. «13-й воин». 19:00 КИНО. «Последний охотник на ведьм». 21:10 Концерт «Әндер мен жылдар». 00:05 «Женский квартал». 01:50 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері . 03:30 Әзіл студио . 05:00 Ризамын.

## JEKSENBI
## 27 JELTOQSAN

**QAZAQSTAN**

6:05 «Көшпенділер». Д/ф. 6:30 «Tolaǵai». 7:40 «Алтын бесік». 8:00 «AQSAÝYT». 8:25 «Робинзон Крузо». М/ф. 10:00 «Келін әні». 11:00 «Біздің әпке». 12:00 «Егіз лебіз». 14:00 «Джунгли кітабы». М/ф. 15:15 «Өнер қырандары». Әзіл-сықақ театры. 17:10 «ҚЫМБАТ ЖАНДАР». 18:00 «КЕЛІН ӘНІ». 19:00 «БІЗДІҢ ӘПКЕ». 20:00 «АРТА». 20:50 «ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК». 22:30 «ЕЛШІНІҢ ҚЫЗЫ». 23:30 «Келін, саған айтамын…2». К/ф. 1:10 «Apta». 2:00 «Тәуелсіздік тарландары». 2:30 «Ауылдастар». 3:30 «Көшпенділер». Д/ ф.

**ХАБАР**

6:00 Мультфильм. «Оқсыз оқиғасы», «Отырарды қорғау». 7:00 «Сағындырған әндер-ай». 8:40 «Pro SPORT». 9:20 «Самопознание». 9:30 «Я - чемпион PRO». 10:00 «Доброе утро». 11:15 Мультфильм. «Кот в сапогах». 12:45 Телехикая марафоны. «Келінжан 2». 15:00 Телехикая марафоны. «Абай жолы». 18:30 «Мәжіліс.kz». 19:00 «Aitystar». 21:00 «7 күн». 22:00 «Большая неделя». 23:10 Телехикая. «Қарлығаш ұя салғанда 2».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 TeleBingo. 10:25 «Кекеш келін». 11:55 «Сүлеймен Сұлтан». 13:25 «Ұлы әмірші Куаң Ге То» 15:00 Концертная программа «Disney». 17:10 «Алдараспан» әзіл-сықақ театры. 18:00 «Белгісіз жан» 20:00 Үздік әндер. 20:45 «Аялы алақан». 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 21:55 «Кекеш келін». 23:05 «Ұлы әмірші Куаң Ге То». 0:35 «Qyzyq bolgan». 2:00 «Астана кеші көңілді». 4:00 «KazNet». 4:20 «Әзілстан». 4:40 «Ән мен әзіл».

**КТК**

07.05 "ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ". 07.50 "ӘН МЕН ӘНШІ". 09.00 "СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ". 11.00 "РОДНЫЕ ПЕНАТЫ». 15.00 "АТАЛАР СӨЗІ». 17.00 "ЖЕНЩИНЫ». 21.00 "КРЫЛЬЯ ПЕГАСА». 00.30 "ИНАЯ РЕАЛЬНОСТЬ». 00.30 "МИНИСТЕРСТВО ПРАВДЫ". 01.20 "ӨМІРДІҢ МӘНІ-МАХАББАТ", к/ф. 02.30 "АТАЛАР СӨЗІ". 03.10 "ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ". 03.50 "МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ". 04.20-05.15 "КӨРІПКЕЛ-2" .

**7-АРНА**

06.00 «КТА лигасы». 08.20 «Айна-online». 09.00 «Юмор! Юмор! Юмор!». 11.00 «Я тебя никому не отдам». 15.00 Сольный концерт Токтара Серикова «Уақыт». 17.30 «Бастық боламын». 21.00 Х/ф «Человек ноября». 23.30 Х/ф «Отель Мумбаи: Противостояние». 02.10 «Вокруг света за монетой». 03.00 Сольный концерт Токтара Серикова «Уақыт». 05.00 «Қыздар арасында».

**АҚШАМ**

09:00 Информационный блок. 09:20 Фильм. 10:00 Детская передача. 10:20 Информационный блок. 10:30 Фильм. 12:40 Маша и медведь. 13:15 Фильм. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 Фильм. 18:00 Передача. 18:20 Информационный блок. 18:30 Фильм. 20:00 Передача. 20:20 Информационный блок
20:30 Фильм. 21:30 Экстрасенсы против детективов. 22:00 Информационный блок. 22:10 Экстрасенсы против детективов. 23:00 Неге?. 23:40 Информационный блок

**31-АРНА**

06:00 Әзіл студио. 07:00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 08:15 Концерт «Ақ тілек». 10:00 «Готовим с Адель». 10:35 Мистическое шоу «Экстрасенсы против детективов». 12:25 Мультсериал «Маша и Медведь». 13:40 Международный музыкальный конкурс «Во весь голос». 15:40 КИНО. «13-й воин». 18:00 КИНО. «Последний охотник на ведьм». 20:20 КИНО. «Риддик». 23:00 «Неге?». 00:50 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 03:30 Әзіл студио. 05:00 Ризамын.

## ШЕШІМ

### «ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» АТАҒЫН БЕРУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңы 6-бабының 1 тармағы 12-1 тармақшасына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2012 жылғы 28 маусымдағы VI сессиясының №62 «Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы» атағын беру ережесі туралы» шешіміне және Жезқазған қаласы әкімдігінің ұсынған құжаттарына сәйкес қалалық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

Жезқазған мысты өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан өз үлестері, қаланың қоғамдық өміріне белсенді атсалысқандары үшін «Жезқазған қаласының Құрметті азаматы» атағы:

1. Ғазиз Елеусізбайұлы Ештанаевқа;
2. Болатбек Есмұхановқа;
3. Асқар Ермекбаевқа берілсін

**Сессия төрайымы** **С. ЖУМКИНА**
**Қалалық мәслихаттың хатшысы** **С. МЕДЕБАЕВ**

## НАҚТЫЛАУ

2020 жылғы 11 желтоқсандағы №45 (8210) сауда-саттық өткізу хабарламасында 1-тармақ келесі мазмұнда ауыстырылады:

«Талап селосы әкімінің аппараты» ММ 2021 жылғы «05» қаңтар Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 10:00-де www.gosreestr.kz мекенжайы бойынша Интернет желісінде орналасқан мемлекеттік мүлік тізілімнің веб-порталында қалалық коммуналдық мүлікті сату жөніндегі аукционды өткізу туралы хабарлайды.

1) Lada21214-187 маркалы көлік құралы мемлекттік номер 252 АК 09, шығарылған жылы 2013 жыл.

**Мекенжайы:** Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Талап селосы, Микрорайон көшесі, 3-үй

**Балансұстаушысы:** «Талап селосы әкімінің аппараты» ММ

**Бастапқы бағасы:** 102000,0теңге.

Аукционға қатысу үшін кепілдік жарнаның мөлшері –15300,0 теңге.

## УТОЧНЕНИЕ

Извещение о проведении торга опубликованный 11 декабря 2020 года №45 (8210) заменить следующие данные:

ГУ «Аппарат акима с. Талап» извещает о проведении аукциона по продаже городского коммунального имущества, который состоится «05» января 2021 года в 10:00 часов по времени города Нур-Султан на веб-портале реестра государственного имущества, размещенного в сети Интернет по адресу: www.gosreestr.kz.

1) Автомобиль Lada 21214-187, гос номер 252 АК 09, 2013 года выпуска.

**Адрес:** Карагандинская область, г.Жезказган,село Талап, Микрорайон 3

**Балансодержатель:** ГУ «Аппарат акима с.Талап »

**Стартовая цена:**102000,0 тенге.

Размер гарантийного взноса для участия в аукционе –15300,0 тенге.

## КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ «ЖЕДЕЛ ЖЕЛІСІ»

Жезқазған қаласы әкімі Қайрат Әбсаттаровтың тапсырмасына сәйкес коммуналдық қызметтердің **«жедел желілері»** іске қосылды. Енді қала тұрғындары төмендегі телефондарға хабарласып, өтініштері мен шағымдарына дереу жауап ала алады.

Габаритті емес қалдықтарды шығару – «Жар - 2013» ЖШС
**8 777 485 2792, 8 707 500 1069,**
**8 776076 9393, 8 777 655 0807**

Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару – «Сәт Тазалық» ЖШС
**8 (7102) 77-66-05, 8 776 532 8313,**
**8 777 611 1853, 8 705 629 1451**

Электр қуатымен жабдықтау – «Kazakhmys Distribution» ЖШС ЭЖК **8 (7102) 74-51-81, 74-46-43, 8 777 327 6954**

Жылумен, сумен жабдықтау және кәріз жүйелері – «ЖСЖК» АҚ **8 (7102) 74-46-34, 8 771 036 0059.**


## ГАЗЕТ ТАРАТУШЫ ІЗДЕЙМІЗ.

Байланыс телефоны: **77 50 25, 87775714035**


## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛАДЫ

Сүлеймен Смайловтың атына әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінен берілген жол жүру құжаты жоғалуына байланысты **жарамсыз деп танылады**.


**БСН 050340007333, ЖСК KZ098560000005225027, БСК KCJBKZKX «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.**

**Меншік иесі:**
**«САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**
**Бас редактордың м.а.**
**Диана Алпысбайқызы ОРАЗАЛИНА**

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетінде қайта тіркелген (04.01.2019 ж.), куәлік №17433-Г (алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі – №569. 08.07.1997 ж.)

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет редакцияның өз компьютер орталығында теріліп, беттелді. Қарағанды қаласында «Типография «Арко» ЖШС баспаханасында (Сәтбаев к-сі, 15) офсеттік тәсілмен басылды.

Таралымы – 2100. Көлемі – 4 баспа табақ. Тапсырыс №39. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады.
Бас редактордың орынбасары – Диана ОРАЗАЛИНА, корректор – Бикен ЕСЕНБАЕВА, фототілші – Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА.

(A) – материал ақылы.

**100600, Жезқазған қаласы, І.Есенберлин көшесі, 63/3. http://saryarqa.info E-mail: sa_jez@ mail.ru whatsApp +7 708 420 19 88**
**Директор – бас редактор: 20-19-88, бухгалтерия/факс: 71-00-55, бас редактордың орынбасары: 71-07-01, тілшілер, газет тарату бөлімі: 77-50-25.**

# КІТАП ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

***Мысты шаһарды он жылға жуық басқарған, үлгі болар өнегелі істерімен көптің есінде сақталған Жұмамәди Ибаділдин есімі жезқазғандықтар үшін ерекше ыстық. Жезқазғандағы барлық күрделі жобалардың басы-қасында болып, оқырмандарға сүйікті қаласы жайлы «Жер кіндігі Жезқазған – Еуразия жүрегі» атты кітабын ұсынған оның жарқын бейнесі әлі де көптің есінде. Көзі тірі болса биыл жетпіске келетін халқының қалаулысы, елінің елеулісі болған арда азаматтың мерейтойы қарсаңында біраз кең көлемді шаралар жоспарланған болатын. Дегенмен, қауіпті індеттің белең алуына байланысты кей шараларды кейінге қалдыруға тура келген.***



Әйтсе де, қала әкімінің қолдауымен Жұмамәди Ибаділдин туралы «Жезқазғанның Жұмамәдиі» атты кітаптың тұсаукесері ұйымдастырылды. Осынау маңызды мәнге ие шараға Жұмамәди Ибаділдиннің жары Шәниза Сапаққызы және көзін көрген замандастары жиналды.

Шара басында Жұмәмәди Ибаділдин туралы «Дидар» телеарнасы дайындаған бейнематериал көрсетілді. Одан әрі оның жары Шәниза ханым сөз алып, жары туралы естеліктерімен бөлісті.

– Жұмекең елдің адамы болатын. Ол туған жері үшін барын, жанын салды. Елін жан жүрегімен шексіз сүйе білді. Ол туған қаласының әрбір тынысын сезінетін. Жұмекеңнің есімін ұмытпай, естеліктерін қайта жаңғыртқан сіздерге және қала әкімі Қайрат Әбсаттаровқа алғысым айрықша. Еңбектеріңіз еселеніп қайтсын, – деген оның жары Шәниза ханым көзіне жас алды.

Жұмамәди Ибаділдин туралы шыққан көлемі 17 баспа табағындай болатын кітапты құрастырушы – замандас-інісі – Базарбай Әлеуханұлы.

– Жұмекеңнің қасында баспасөз хатшысы болып жүрген кезеңде үйренгенім мол болды. Оның қарамағында қазақтардан бөлек қаншама өзге ұлт өкілдері еңбек етті. Ол солардың бәріне бірдей көзқараспен қарап, бәріне ағалық қамқорлығын танытты. Оның ізінен еріп жүріп, талай игі жақсылардың қолына су құюға, дастарқандас болуға жарадым. Ол туралы естеліктер тым көп. Жұмамәди Ибаділдиннің арқасында Жезқазғанның талай мәдени ошақтары, театр, филармония жабылмай, сақталынып қалды. Ол әкім болған уақытта қалаға Ақселеу Сейдімбек, Әбіш Кекілбай сынды ақын-жзушылар, түрлі зиялы қауым өкілдері келіп, сан алуан іс-шаралар, конференциялар ұйымдастырып тұратын. Қаладағы әрбір іс-шараны өзі жіте қадағалайтын. Тіпті өнер ошақтарының дайындық жұмыстарына да өзі қатысқан кездері болды. «Жезқазғанның Жұмамәдиі» деген кітапта оның алақанын тас қып жұмып ұстаған суреті артында қала әкімдігі бейнеленген. Ол расында да, сол суреттегідей Жезқазғанды уысында құлатпай ұстап, оның өркендеуіне барынша зор еңбегін сіңірген адам. Ол туралы естеліктер тым көп. Соның ішінде өзі замандас болған кейбір өзге ұлт өкілдері тарихи отандарына қоныс аударған екен. Мен солардың бірқатарымен хабарласып, олардың пікірлерін хатқа түсіргіздім. Кітапта әлі де айтылуға тиісті дүниелер көп. Дегенмен, бұл кітап Жұмекең туралы шыққан алғашқы және соңғы кітап болып қалмасына сенемін, – деген Базарбай Әлеуханұлы шараға жиналғандарға алғысын білдіріп, қадірлі қонақтармен бірге кітап лентасын қиып, оны қалалық кітапханаларға, музейге, архив ұжымына және жиналған жұртшылыққа табыс етті.

***Жезқазған қаласы жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен қаламыздың спортсүйер жастары грек-рим күресінен КСРО-ның жеті дүркін чемпионы, КСРО халықтары спартакиадасының жеңімпазы, Еуропа және әлем чемпионы, 12-ші Азия ойындарының жеңімпазы, Азияның екі дүркін чемпионы, 24-25-ші олимпиада ойындарының күміс, қола жүлдегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәулет Тұрлыхановпен онлайн кездесу өтті.***

# ЖАСТАРДЫ ЖІГЕРЛЕНДІРДІ






– Мен – Шығыс Қазақстанның тумасымын. Бала күнімнен спортқа бейімім барын байқаған әкем менің осы саланы таңдағанымды қалады. Бәлкім, бұл оның өзінің де осы салада еңбек еткендігінің әсері болар. Ал анам физика-математика пәнінің мұғалімі еді. Бәріңізге мәлім анам былтыр дүниеден өтті. Ол тек менің ғана емес, елдің анасы еді. Қазақ ССР еңбек сіңірген ұстазы, ҚР Білім беру үздігі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, он баланы дүниеге әкеліп, оларды бағып-қағып, жақсы тәрбие берген анам әрдайым «Дәулетім – бір төбе, қалғандары – бір төбе. Себебі ешқайсысың оның жеткен жетістіктеріне жетпедіңдер. Ол елдің атын шығарды» деп отыратын. Анамның ақылға толы әрбір сөзі әлі күнге дейін жадымда. Мен спорт интернатында білім алдым. Осындай арнайы мамандандырылған мектепте білім алған бала жалқаулықтан ада болады. Біз кішкентайымыздан тәртіпке үйрендік. Ерте тұрып, ерте жатуға, барлығын белгіленген уақытта істеуге дағдыландық. Мен қазіргі жастардың да бойынан осындай нақтылық, бірсөзділік, уәдеге беріктік, Отанға адалдық сынды қасиеттерді көргім келеді, – деген ол өзінің жастық шағы мен спорттық жолы туралы кеңінен сыр шертті.

Кездесу соңында жастардың сауалдарына жауап берген ол ата-ана, ұстаз және Отан алдындағы қарызды ешқашан естен шығармау қажеттігін айтып, жезқазғандық жас спортшыларға толағай табыстар мен сәттілік тіледі.

**Ай СҮГІР**

МЕРЕКЕ АЙШЫҚТАРЫ

# ЕЛДІК ТОЙЫН ТОЙЛАДЫ

***Ел тарихындағы маңызды мерекелердің бірі Тәуелсіздік күніне орай Жезқазған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің балалар мен жасөспірімдер кітапханасында «Тұрақты елдің тұғыры – Тәуелсіздік» атты мерекелік сағат өтті. Өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беруді, ұлттық сана-сезімін оятуды, кітап оқуға шақыруды мақсат тұтқан шараға №13 «Ертөстік» бөбекжайының балалары мен педагогтары белсене қатысты.***



Мерекелік шарада өнер көрсеткен бүлдіршіндерді бөбекжайдың әдіскері Гүлжайна Қайырбекова, орыс тілі мұғалімі, Гүлнәр Баймұхаметова, музыка жетекшісі Гүлнәр Жұмаділова, «Сөз дәрия» мәнерлеп оқу үйірмесінің жетекшісі Гаухар Искендірова дайындағанын айта кеткен жөн болар. Шараға үлкен дайындықпен келген балалар Сейтқали Әмірдің «Қазақстан», Мұқағали Мақатаевтың «Отаным» және т.б өлеңдерді жатқа оқып берді.

Жас оқырмандарға кітапханашылар Желтоқсан оқиғасының арқасында Тәуелсіз ел болғанымыз туралы әңгімелеп, дайындаған кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады. Мерекелік сағатты Айша Дархан, Сырғалым Кимбай, Айша Жасұлан, Айару Дәулетиярова, Адель Каранова «Отан» атты әнімен қорытындылап, көрермендерді қуантты.

**Динара СЕКСЕНБАЕВА,**
**Балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы**

# БАЙРАҚ – БИІКТЕ

***Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні мерекесіне арналған «Менің Туым! Менің Отаным!» атты челлендж ұйымдастырылды. Есенберлин көшесі, 5/1 және 5/2 үйлері мекенжайында өткізілген шараға қаламыздың белсенді жастары, волонтерлар қатысты. Көк Байрағымызды аспанға желбіреткен жастар үйдің жоғары қабаттарындағы балкондарға шығып, Қазақстан, туған жер, Отан жайлы рух сыйлайтын патриоттық әндерді жарыса шырқады.***

Челленджге белсене қатысып, өз үлесін қосып жүрген жастардың бірі – Гүлназ Мұхамеджанова:

– Мен – №13 орта мектептің 11-сынып оқушысымын. Волонтер болып жүргеніме екі жылға таяды. Осы уақыт аралығында біраз білмеген дүниелерімді үйрендім. Өзім сияқты жастармен, ақылман аға-апалардың ізінен ере жүріп, түрлі қоғамдық шараларға қатысып жүрмін. Мен Отанымды, Тәуелсіз елдің ұрпағы екенімді мақтан етемін. Біз қымбат қазынамыз, азаттығымызды алып берген батыр бабаларымызға мәңгі қарыздар болып өтеміз! – деген Гүлназ болашақта елінің сенімін ақтар азаматша боларына сендірді.

Аталған шара автошерумен жалғасты. Көк Туды желбіреткен қала белсенділері мысты шаһар көшелерін аралап, тұрғындарға рухани күш-жігер сыйлады.

# ШАТТЫҚ СЫЙЛАҒАН КӨРМЕ



***Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында қаламыздың қамкөңіл бүлдіршіндері де ескерусіз қалмады. Балалар мен олардың ата-аналарына ерекше көңіл-күй сыйлау мақсатында Жезқазған қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мамандары «Гүлдене бер, Тәуелсіз Қазақстан» атты сурет және қолөнер көрмесін ұйымдастырды.***

Көрме барысында жиналған қауымға балалар өздері салған суреттері мен қолөнер бұйымдарын ұсынып, оларды қалай салғандарын және жасағандарын ортаға салды.

– Біз үшін балалардың шаттығы, олардың өздерін қоғамға қажетті санағаны – басты орында. Еліміз және оның әрбір азаматы үшін мерейлі мейрам қарсаңында біздің балаларымызды да ұмыт қалдырмаған Жезқазған қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйла Әлкебаева бастаған ақжарқын мамандарға алғысымызды білдіреміз. Мұндай шаралар әлі де жалғасын таба берсе екен, – деген ата-аналар қауымы өз ризашылықтарын білдірді.

Шара соңында барлық көрмеге қатысушы балаларға арнайы сыйлықтар табыс етілді.

# ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕТІСТІКТЕРІ

## конференцияға арқау болды

***Жезқазған қалалық ішкі саясат бөлімінің бастамасымен Жезқазған гуманитарлық колледжінде «Тәуелсіз елдің білімді ұрпақтары: Тәуелсіздік. Тарих. Жасампаздық» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының, жоғарғы оқу орындарының студенттері, магистранттар және білім беру ұйымдарының педагогтері қатысқан конференцияға «Педагогика, психология және жекелеген пәндер әдістемесі» ПЦК төрағасы Мырзатай Темірбеков, колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлсім Шәуенова және колледж әдіскері Ақтолқын Телбаева модераторлық етті.***

– Тәуелсіздік – бізге бостандық, азаттық, бейбітшілік, яғни бақыт сыйлады. Бізге тәуелсіздік оңай келген жоқ. Біздің ата-әкелеріміз, апаларымыз бостандықты қанмен, термен алған. Екі жүз жылдай патшалы Ресейдің отары, жетпіс жылдан астам уақыт Кеңес өкіметінің бұғауында болған Қазақстан бүгінде егеменді ел болды. Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн, – деген Жезқазған гуманитарлық колледжінің директоры Айгүл Исахова барша конференцияға қатысушыларына сәттілік тіледі.

Колледж базасында карантин талаптарын сақтай отырып, сонымен қатар «ZOOM» платформасында онлайн режимде өткен конференцияда «Ұлттық құндылықтар – рухани жаңғырудың негізі», «Тарих қойнауында: тарихтан тағылым», «Мәңгілік елдің – Мәңгілік білімі», «Қуатты Қазақстан – қуатты өңірлер» бағыттары бойынша онға жуық баяндама оқылды. Жиын соңында баяндамалар қызу талқыланып, барша қатысушыларға сертификаттар және үздік деп танылған баяндамаларға Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекованың Алғыс хаттары табысталды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# БАЛАЛАРДЫҢ БАЛ МЕКЕНІ

## «Айсұлу» бөбекжайына – 60 жыл

***Жезқазған қаласы өңірінде алғашқылардың бірі болып іргетасы қаланған қарашаңырақ №8 «Айсұлу» инклюзивті бөбекжайына биыл 60 жыл толып отыр. Жарты ғасырдан артық тарихы бар мектепке дейінгі білім ордасы бүгінде бүлдіршіндерге тәрбие мен білім беруде талаптарға сай өз қызметін абыроймен атқарып келеді.***



Тәрбие ошағы алғашқыда 1991 жылға дейін балаларға арналған №2 «Тополек» туберкулезге қарсы шипажай-балабақшасы ретінде ашылды. Ал, 1993 жылы дамуы қалыпты балаларға арналған балабақша болып қайта құрылды. 1999 жылы «№8 балабақша» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны болып қайта құрылса, 2009 жылдың қарашасында «Айсұлу» инклюзивті мектепке дейінгі ұйымы деп өзгертілді.

1987-2014 жылдар аралығында балабақшаны Найля Казанбаева басқарды. Оның үлгілі ісін 2019 жылға дейін Амангүл Исина жалғастырды. Бүгінде балабақшаға Ләззат Ахметжанова жетекшілік етеді.

Бүгінгі таңда мұқтаждығын ескеріп, ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз етіп отырған мектепке дейінгі ұйымда 11 ерекше бала тәрбиеленуде. Осы бөбекжай педагогтері инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастыруға атсалысуда. Осы бүлдіршіндердің қатысуымен соңғы екі жылда талай жетістіктерге жеттік. Мысалы, 2018 жылы «Инклюзивті іс-тәжірибені ұйымдастыру» қалалық сайысына қатысып, жүлделі І орынға ие болса, «Қарағанды облысының инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының арасында инклюзивті тәжірибені ұйымдастыру» облыстық байқауында ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Жезқазған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген ҚР Конституциясының 25 жылдығына және Астана қаласының 20 жылдығына арналған «Күміс қоңырау» балалар шығармашылығының аймақтық конкурсында біздің бүлдіршіндер бас жүлдені қанжығаларына байлап, жұлдыздары жарқырады. Алматы қаласында «Күн шуақ.kz» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Алғашқы қадам» республикалық фестиваль-конкурсында да жүлделі орынды иеленді.

2019 жылы наурыз айында бүлдіршіндеріміз «BiG StArS KZ» ЖК ұйымдастырған ІІ аймақтық таланттар конкурсына қатысып, «Қазақтың батыры» атты биімен жиналған көрермен қауымды тамсандандырып, қанжығаларына І орынды иеленді. Алматы қаласында өткен «Жеті өнер» ІІІ халықаралық балалар мен жастар шығармашылық фестиваль-конкурсына қатысып, жүлделі І орынды жеңіп алды. «Теңімен тең» облыстық бейнероликтер байқауында топ жарды. Жезқазған қаласының 65 жылдығына арналған аймақтық «Күміс қоңырау» конкурсында да көрермен мен қазылар алқасын өз өнерімен тәнті етіп, «Жезқазған – махаббатым менің» қойылымымен І дәрежелі дипломмен марапатталды. Жезқазған қаласының мектепке дейінгі білім беру мекемелері арасында «Ең үздік бөбекжай» ауыспалы кубогының иегері атанғанымыз да үлкен абырой. Ерекше балалардың толыққанды өмір сүруі үшін аянбай еңбек етуге дайын бөбекжайдың педагогикалық ұжымы өскелең ұрпақты адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу жолында әлі де талай белестерді бағындырып, жетістіктерге жетеріне сенім мол.

**Самал АХМЕТБЕКОВА,**
**№8 «Айсұлу» инклюзивті бөбекжайының қазақ тілі пәні мұғалімі**